

Тәуелсіздік – жүрегі елім
деп соққан әрбір
қазақстандық үшін аса
қадірлі, айрықша ардақты
ұғым.

Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ.

ТАҒЫМ



ҰЛТЫ ҰЛЫҚТАҒАН
ТҰЛҒА

7

ТӘУЕЛСІЗДІК-30



ЖАСАМПАЗДЫҚ ЖОЛЫ:
30 ЖЫЛДЫҢ
30 СӘТІ

12-13

ЖАҚЫНЫҢА
ЖАНАШЫР БОЛ!

2021 жылғы 10 қарашадағы
мәлімет бойынша
АЛМАТЫДА

I компонентпен
1 005 496

II компонентпен
955 410

адам вакцина салдырды

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

11.11.2021

Түнде:



0-2 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+10+12 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
2-7 м/с

12.11.2021

Түнде:



0+2 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+11+13 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
2-7 м/с

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | www.almaty-akshamy.kz | №136 (6112) 11 қараша, бейсенбі, 2021 жыл.

ЕҢ БАСТЫ НӘРСЕ – ЖАППАЙ ВАКЦИНАЛАНУ



Алматы қаласының әкімі Бақытжан
САҒЫНТАЕВ «Алматы» телеарнасындағы
«Akimat LIVE» бағдарламасының кезекті
санында қаладағы коронавирус
инфекциясының таралу динамикасы,

қазіргі эпидемиологиялық ахуал
туралы айтып, қаладағы қоғамдық
кеңістіктерді абаттандыру мен жаңа
құрылыс нысандарының жұмыстарына
тоқталды.

2

ИННОВАЦИЯ

«АҚЫЛДЫ» ҚАЛАДАҒЫ ЖАЙЛЫ ЖАҒДАЙ

цифрландырудың басты жетістігі болмақ



Алматы қаласы Цифрландыру басқармасының басшысы
Баян Қоңырбаев Өңірлік коммуникациялар қызметінің
брифингінде қаланы цифрландыру бойынша болашақ
жобалармен таныстырды.

4

ҚЫСҚА...

- Алматыда бүгін Pfizer екпесінің алғашқы партиясы күтілуде.
- Бақытжан Сағынтаев Мексика елшісі Хосе Луис Мартинес Эрнандесті қабылдады.
- Алматыда 112 бірыңғай диспетчерлік орталығы жыл соңына дейін пилоттық режимде іске қосылуы мүмкін.
- Оңтүстік астанада БҰҰ-ның «Азаматтық тұрғындарды қорғау» сертификатталған курсы өтуде.
- Шаһарда ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай, публицист, ғалым, мемлекет және қоғам қайраткері Сұлтанбек Қожанұлының бюсті ашылды.

www.almaty-akshamy.kz





ОРТАҚ МҮДДЕ СӨЗ БОЛДЫ

Қала әкімі Бақытжан Сағынтаев кеше Мексиканың Қазақстан мен Түркиядағы елшісі Хосе Луис Мартинес Эрнандеспен кездесіп, екі ел арасындағы серіктестік жайлы талқылады.

«Мексиканың Түркия мен ҚР-дағы Елшісі қызметін қоса атқарушы Хосе Луис Мартинес Эрнандеспен кездестім. Алматы мен Мехико, Монтеррей арасындағы ынтымақтастық мәселелері талқыланды. Ортақ мүдде – сауда-экономикалық, мәдени-гуманитарлық іс-қимылды, қалалық инфрақұрылымды дамыту», – деп жазды қала әкімі өзінің Twitter парақшасында.

Айта кетерлік жайт, осыдан 2 күн бұрын Алматыда Мексика консулдығы ашылған. Салтанатты рәсімде Мексика елшісі қазақстандықтарды Тәуелсіздіктің 30 жылдығымен құттықтап, бұл мерекенің екі ел үшін де маңызды екенін атап өткен болатын. «Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігін жариялаған соң 15 күннен кейін Мексика Қазақстанның егемендігін мойындаған еді. Көріп тұрғандарыңыздай, о бастан-ақ біз сіздерге жақынбыз, сіздермен біргеміз. Бірінші күннен бастап-ақ сіздерге сенген едік. Сенімге сызат түскен



жоқ. Сол себепті біз үшін де Қазақстанның 30 жылдық мерейтойы өте маңызды», – деді Мексиканың Түркия мен Қазақстанда-

ғы елшісі қызметін қоса атқарушы Хосе Луис Мартинес Эрнандес.
«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

AKIMAT LIVE

ЕҢ БАСТЫ НӘРСЕ – ЖАППАЙ ВАКЦИНАЛАНУ



(Басы 1-бетте)

СПОРТПЕН АЙНАЛЫСУ ҮШІН NALYK ARENA ҚАЙТА АШЫЛАДЫ

Бақытжан Сағынтаев қала тұрғындарын антиваксерлерді емес, тек өзін тыңдап, жақындарын қорғау үшін вакцина алуға шақырды. Ұжымдық иммунитеттің өсуі үшін жаппай вакциналанудың басты рөл атқаратынын атап өтті. 10 қарашада қалада коронавирустық инфекцияның 179 754 жағдайы тіркелген, оның ішінде 156 439 жағдай симптомды және 23 315-і симптомсыз, анықталмаған пневмония – 2671. 9 қарашада қалада коронавирустық инфекцияның 134 жағдайы тіркелді, оның 130-ы симптомдармен, 8-і анықталмаған пневмония. Тәуліктік өсім – 0,7% құрады.

Алдын ала жүргізілген профилактикалық іс-шаралар КВИ дертінің төмендеуіне ықпал етті. Ең басты нәрсе – жаппай вакциналану. Соның нәтижесінде ұжымдық иммунитеттің артуы байқалады. Жалпы, 10 қарашадағы жағдай бойынша вакцинаны 1 004 163 адам алды. Егілгендердің жалпы санынан 60 жастан асқандар 121 380 адамды (12,1%) құрайды.

Бүгінгі күні үйде АМСК мобильді бригадаларының және Телемедицина орталығының бақылауында 1506 пациент бар, оның 64-і симптомсыз, 1394-інің жағдайы

жеңіл, 47-сі орташа және 1-еуі ауыр дәрежелі. КВИ дертін тәуліктік тіркеу санының азаюына байланысты үшінші эшелонның инфекциялық стационарларындағы төсек-орындар қысқартылуда. Соның ішінде, Nalyk Arena спорт кешеніндегі ковидтік госпитальдің жұмысы тоқтатылады. Келесі айда оны негізгі профиль бойынша бұрынғы жұмыс режиміне қайтару жоспарланып жатыр. Қала тұрғындары спортпен айналысу үшін Nalyk Arena қайта ашылатын болады.

Б.Сағынтаев сондай-ақ, 11 қарашада жеткізілетін «Комирнати» (Pfizer, АҚШ) мРНК-вакцинасына дайындық жүргізіліп жатқанын хабарлады. Алматы қаласының әкімі тұрғындарды коронавирусқа қарсы екпе алуға шақырды. Жақында ревакциналау басталатынына қарамастан, кейбір қала тұрғындарының вакцинаның алғашқы компонентін алмағанын тілге тиек етті. Қала әкімінің айтуынша, алматылықтар өздерін және жақындарын қорғау үшін жауапкершілік танытып, вакциналаудан өткені жөн.

ҚОЛЖЕТІМДІ БАСПАНАҒА ҚҰЖАТ ҚАБЫЛДАУ БАСТАЛАДЫ

Қала тұрғындарының сұрақтарына жауап бере отырып, Б.Сағынтаев 15 қарашаның түн ортасында 29 жасқа дейінгі жұмыс істейтін жастар үшін жалға бері-

летін тұрғын үй бағдарламасы бойынша өтінімдер қабылдау басталатынын хабарлады. Өтінімдерді ағымдағы жылдың 20 қарашасында сағат 23.59-ға дейін беруге болады. Құжаттарды қабылдау www.almaty-jastary.info сайтында жүргізіледі, сайтқа кіру өтініш берушілердің электрондық-цифрлық кілттері бойынша жүзеге асырылады. Бағдарламаға қатысушыларға қойылатын негізгі талаптар: жасы – 29 жасқа дейін, Алматыда соңғы екі жылдан кем емес тұрақты тіркелуі, соңғы екі жыл ішінде Қазақстан аумағында тұрғын үйінің болмауы. Бұдан басқа, соңғы 6 айда үміткерлердің ай сайынғы жалақысы 40 АЕК-тен жоғары болуы тиіс – 116 680 теңге. Қажетті құжаттардың жиі қойылатын сұрақтардың тізбесі туралы толық ақпарат жоғарыда көрсетілген сайтта жарияланған. Берілетін пәтерлер Наурызбай ауданындағы «Алма Сити-5» жаңа ТК және Алатау ауданындағы «Мәдениет» ТК орналасқан. Жалпы саны – 1050 бір бөлмелі пәтер. Жалға беру мерзімі – ұзарту құқығынсыз 5 жыл. Бұдан басқа, қалада жастарға арналған «Алматы жастары 3.0» жеңілдетілген несие беру бағдарламасы жұмыс істейді. Бағдарлама бюджеті – 18 млрд. теңге. Қарыздың ең жоғарғы сомасы – 18 млн. теңгеге дейін, пайыздық мөлшерлеме – 5%, бастапқы жарна – 10% екенін атап өтті. Осы бағдарлама бойынша жыл сайын 1000 жас бастапқы және қайталама тұрғын үй сатып алу мүмкіндігіне ие болады. Бүгінгі таңда «Алматы Жастары 3.0» бағдарламасы бойынша 14,7 млрд. теңге сомасына 868 заем берілді. Бағдарлама білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет және спорт, БАҚ, әлеуметтік салаларда жұмыс істейтін жастарға арналған. Сондай-ақ, оны жоғары оқу орындары мен ҒЗИ, құқық қорғау органдарының қызметкерлері пайдалана алады.

Эфир барысында шаһар басшысы Бақытжан Сағынтаев қала тұрғындарының сауалдарына егжей-тегжейлі жауап бере келе, халық үшін инженерлік инфрақұрылым жүйесінің аса маңызды екенін айтты. Осыған орай, тұрғындардың барлық сұраныстарын ескеріп, халықтың тұрмысына ең қажетті инженерлік инфрақұрылымды жөндеуді, жаңартуды қолға алатынын жеткізді.

Дайындағандар
Айжан БҮРКІТБАЕВА,
Ақтолқын ТҮРЛЫҒАЗЫ.

САҢДАР СӨЙЛЕЙДІ



«Жаңа Алматы»
бағдарламасы аясында
428 жоба іске
асырылады.



Қаланың креативті
секторында
17,8 мың кәсіпорын
жұмыс істейді.



Қала кітапханаларында
105
қосымша үйірме іске
қосылған.



Мегаполистің бір тұрғынына
7,7 шаршы метр
жасыл аймақ тиесілі.



2022 жылдың соңына дейін
45 әлеуметтік
нысан салынбақ.



Биыл әлеуметтік осал топтағы
227
көпбалалы отбасы
үйлі болды.



ИНЖЕНЕРЛІК ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

қарқынды дамуда



**Айнұр
СЕНБАЕВА**

Алматы қаласының әкімі Бақытжан Сағынтаев мегаполистің инженерлік инфрақұрылым құрылысының барысын тексерді. Жұмыс сапары кезінде шаһар басшысы Наурызбай мен Алатау ауданда-

рындағы су дайындау станциясы мен инженерлік желілер жағдайымен танысты.

Қазіргі таңда Наурызбай ауданында «Қарғалы» су жинау нысаны мен су дайындау станциясының құрылысы жүріп жатыр. Жоспар бойынша негізгі жұмыстар жыл соңына дейін аяқталуға тиіс. Нысан пайдалануға берілгеннен кейін станцияның қуаты тәулігіне 15 мың текше

метр суды құрайды. Қала әкімі «Құрамыс» ықшамауданындағы құрылыс жұмысы аяқталғаннан кейінгі қалпына келтірілген 10 шақырым жолдың сапасын тексерді.

Таяуда Алатау ауданындағы «Самғау» ықшамауданындағы жиі өшетін электр қуатындағы ақаулар жойылған болатын. Қала әкімі Б.Сағынтаев жағдайды ары қарай да бақылауда ұстауды тапсырды. Алдағы уақытта тұрғындардың өтініші бойынша 30 үйге КСС бен кәріз желісін жүргізу жобасы әзірленеді. Сондай-ақ, осы ауданда балалар алаңын салу мүмкіндігі қарастырылды. «Қарасу» ықшамауданының тұрғындары жол сапасына наразы. Мұнда 26,6 шақырым су құбыры мен 22,6 шақырым кәріз желісінің құрылысы аяқталуға жақын. Әкім жол төсемін қалпына келтіру жұмысының сапасын бақылауды тапсырды.

Қала басшысы Б.Сағынтаев абаттандырылған қоғамдық кеңістікті аралап көрді. Наурызбай ауданында, «Қарағайлы» ықшамауданындағы Тәжиев көшесінде «Бюджетке қатысу» жобасы бойынша футбол, балаларға арналған ойын мен спорт алаңдары бар қоғамдық кеңістік абаттандырылды. Алатау ауданындағы «Ұлжан-1, 2» ықшамаудандары арасында жаяу жүргіншілер аймағы салынды, ондағын жыл қараусыз жатқан жер абаттандырылды. Жақында мұнда футбол алаңы, өзен үстіндегі көпір мен балалардың ойын алаңы салынды.



ЖӘРДЕМАҚЫ

Елімізде арнаулы мемлекеттік жәрдемақыны төлеу ережесі өзгерді. Енді жәрдемақы алушы, сондай-ақ күтім жасайтын адам қайтыс болған жағдайда, жәрдемақы төлеу кезінде қайтыс болған ай қоса есептеледі.

Ереже өзгерді

Жәрдемақы алушы, сондай-ақ күтім жасайтын адам елден кеткен жағдайда да кеткен айға жәрдемақы төленеді. Егер күтім жасайтын адам ауысса, жәрдемақы ауысқан күнге дейін төленеді.

Жәрдемақы алу үшін «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы арқылы жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті органға өтініш жазып, мемлекеттік қызмет көрсетуге қажетті құжаттарды қоса беру қажет.

Мүгедектікті бастапқы анықтау кезінде мүгедектік бойынша жәрдемақы тағайындау туралы өтініш беру қажет, оны күтім жасауға құқығы бар адамдар тұрғылықты жері бойынша медициналық әлеуметтік сараптама бөлімшесінде жасай алады.

Құжат тапсыру кезінде өтініш берушіге тиісті құжаттардың мемлекеттік корпорацияда қабылданғанын растайтын түбіртек, тіркеу күні мен мемлекеттік қызметті алу күні, құжаттарды қабылдаған тұлғаның аты-жөні көрсетілген өтініштің үзік талоны беріледі.

Бұл ретте проактивті қызмет арқылы жәрдемақы тағайындау кезінде «Халық қарманы», «Қазақстанның Еңбек Ері» атақтарымен марапатталған адамдарға, сондай-ақ күтім жасайтын адамдарға жәрдемақы тағайындау туралы өтініш беру талап етілмейді. Бұл адамдарға жәрдемақы тағайындау үшін порталда ұялы телефон нөмірін тіркеу жеткілікті. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің «Е-макет» ақпарат жүйесі арқылы телефон нөміріне жәрдемақы тағайындау және тілді таңдау мүмкіндігі туралы хабарлама жіберіледі.

Проактивті қызмет көрсетуге келісім алғаннан кейін телефон нөміріне банк шотының нөмірін растайтын немесе ұсынатын хабарлама жолданады.

Проактивті қызмет арқылы жәрдемақыны тағайындауға өтініш берген күн жәрдемақыны тағайындауға келісім берген күн болып саналады.

Жәрдемақы алушыдан оған sms-хабарлама жіберілген күннен бастап 3 күнтізбелік күн ішінде жауап болмаса, проактивті қызмет көрсету процесі аяқталады.

Әрекет етуге қабілетсіз, әрекет ету қабілеті шектеулі жандарға немесе қорғаншылыққа және қамқоршылыққа мұқтаж адамдарға жәрдемақы тағайындау үшін олардың заңды өкілдері өтініш пен қажетті құжаттарды тапсырады. Үшінші тұлғалар арқылы жәрдемақы тағайындауға өтініш сенімхат арқылы беріледі.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

МОНИТОРИНГ

Талап баршаға бірдей

Вокзалдарда Ashyq бағдарламасы енгізілгеннен бергі уақытта 500-ден астам «қызыл» және 239 «сары» мәртебесі бар адам анықталған.

Оқшалануды елемей, айналасындағы адамдарды қауіп-қатерге тігетіндер қатары бәрінен де Нұр-Сұлтан қаласында көп болып шықты. Елордалық вокзалдар аумағында «сары» және «қызыл» мәртебесі бар 177 азаматқа кіруге рұқсат берілмеген.

«Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ вокзалдарға тек «көк» және «жасыл» мәртебесі бар адамдар ғана жіберілетінін ескертеді. ПТР талдауы қажет емес. Келушілерде гаджет болмаған жағдайда вокзал қызметкерлері статусты ЖСН бойынша тексереді.

Пайдаланылмаған билеттерді қайтару үшін «сары» немесе «қызыл» мәртебесі анықталған жолаушылар:

– WhatsApp мобильді қосымшасы арқылы мына нөмірге +7 707 270 36 64 орындарды тапсыру үшін жол жүру құжатының (билеттің) фото/скриншотын;

Ashyq қосымшасынан мәртебенің фото/скриншотын және жеке басын растайтын құжаттың фотосуретін (паспорт/куәлік/туу туралы куәлік және т.б.) жіберуі керек.

– 6 ай ішінде (пойыз жөнелтілген күннен бастап) «Жолаушылар тасымалы» АҚ-ның кез келген билет кассасына жолаушының жеке басын растайтын құжаттың түпнұсқасымен келіп, пайдаланылмаған жол жүру құжаттарын қайтару үшін (1-тармақ орындалған жағдайда) өтініш жазуға болады.

Пайдаланылмаған билетті қайтару сомасы жолаушы, жүк және пошта жөнелтілімдерін темір жол көлігімен тасымалдау қағидаларына сәйкес жүргізіледі.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ШАРА

Тәуелсіздіктің 30 жылдығы аясында Алматы академиясының курсанттары арасында ән фестивалі өтті.

Білім беру мекемесінің 65 жылдығына байланысты өткізілген мерекелік шараның мақсаты – болашақ полиция қызметкерлерінің идеологиялық имиджін көтеру.

Фестивальдің басты ерекшелігі – қатысушылар 3 тілде ән шырқап, түрлі сахналық қойылымдар көрсетті. Сонымен қатар, олар қызмет үстінде жан тапсырған аға буын әріптестерін еске алды.

Кеш соңында құқық қорғау органдары өкілдері жылы лебіздерін білдіріп, ән фестивалінің жеңімпаздарын марапаттады.

«Ішкі істер органдарын реформалауға бағытталған сервистік полицияға көшу, яғни полиция қызметкерлері қоғаммен жұмыс істегенде ағылшын, орыс тілдерінде еркін

ИДЕОЛОГИЯЛЫҚ ИМИДЖДІ КӨТЕРУ мақсаты көзделді



сөйлеуді насихаттау бойынша осындай ауқымды шара өткізудеміз», – дейді ҚР ІІМ М.Есболатов атындағы Алматы ака-

миясы бөлімінің бастығы Елнар Жақиянов.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



Алматы – бітімгерлік жаршысы



Қорғаныс министрлігінің Бітімгерлерді даярлау орталығының оңтүстік астанадағы базасында БҰҰ-ның «Азаматтық тұрғындарды қорғау» (UNPOCC-United Nations Protection of Civilians Course) сертификатталған курсы өтуде.

Оған тек қазақстандық бітімгерлер ғана емес, Бангладеш, Бразилия, Мавритания, Мозамбик, Нигер, Нигерия, Пәкістан, Сауд Арабиясы және Финляндияның күштік ведомстволарының өкілдері де қатысады. Курсты өткізудегі мақсат – бітімгершілік операция барысында қатысушыларды БҰҰ-ның бейбіт тұрғындарды қорғау жөніндегі тұжырымдамасымен, БҰҰ-ның әскери және әскери емес компоненттерінің рөлімен, міндеттерімен таныстыру.

Қазақстан мен шет елдің нұсқаушылары бітімгерлік операцияларды жүргізуге қатысты бөлігінде БҰҰ-ның негізін қалаушы қағидаттарын, құндылықтарын мен құзыреттерін зерделеу сабақтарын өткізеді. Халықаралық гуманитарлық құқықтың ережелерін, гендерлік аспектілерді, сондай-ақ шартты сценарий бойынша практикалық сабақтарды зерделеуге жеке блоктар арналған.

Сонымен қатар, БҰҰ-ның Адам құқықтары жөніндегі жоғарғы комиссар бюросының өкілі Ян Хесбург, Бразилия Құрлық әскерлері бас штабының бітімгершілік операциялар департаментінің гендерлік мәселелер жөніндегі кеңесшісі Иван Коста, Қазақстан Республикасындағы Халықаралық Қызыл Крест миссиясының басшысы Франсуа Бланси және басқалар баяндама жасайды.

Алғаш рет Қазақстаннан осы курсқа бітімгершілік контингентінен басқа Ұлттық қауіпсіздік комитетінің, Сыртқы істер, Ішкі істер, Төтенше жағдайлар, Денсаулық сақтау министрліктерінің өкілдері де қатысады. Курстың тыңдаушыларына Біріккен Ұлттар Ұйымының тиісті сертификаттары беріледі.



ХАЛЫҚ САНАҒЫ – 2021



Нұржамал
ӘЛШЕВА

Ұлттық статистика бюросының басшысы Нұрболат Айдапкелов Үкімет отырысында Ұлттық халық санағының қорытындысы қашан жарияланатынын айтты.

«Халықты ақпараттандырудың барлық арналарында ұлттық санақты жария ету үшін ауқымды бұқаралық-түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Бүкіл ел бойынша халық санағын өткізуге арналған 3500-ден

астам арнайы пункт жұмыс істеді. 1446 нөмірі бойынша арнайы call-орталығы тәулік бойы жұмыс істеді», – деді Н.Айдапкелов.

Спикердің айтуынша, ел тұрғындарынан 500 мыңнан астам өтініш түскен. Ал респонденттерге 25 млн.-нан астам SMS-хабарлама жіберілген. «Бюро алынған деректерді өңдеуге кірісті және алдын ала деректерді биылғы желтоқсан айында ұсынуды жоспарлап отыр. Іс-шаралар жоспарына сәйкес, санақтың қысқаша қорытындылары 2022 жылдың ортасына жоспарланған және 2023 жылдың I тоқсанында санақтың

толық қорытындысын жариялауды жоспарлап отырмыз», – деді Н.Айдапкелов.

Тақырыпқа орай айта кетейік, Қазақстан Республикасының Ұлттық халық санағы мәресіне жетті. Санақ ел тұрғындарының барлық санатын қамтыды. Онлайн-сауалнамадан халықтың 42,5%-ы өткен, ал жаппай аралап шығу арқылы 57,5% адам санақпен қамтылған. «Көріп отырғандарыңыздай, ел тұрғындары онлайн форматтағы халық санағынан өтуге белсене қатысты. Бұл көрсеткіш онлайн форматта санақтан өтудің орташа еуропалық көрсеткішіне жақындағанын атап өту қажет», – деді Н.Айдапкелов.

ИННОВАЦИЯ

«АҚЫЛДЫ» ҚАЛАДАҒЫ ЖАЙЛЫ ЖАҒДАЙ цифрландырудың басты жетістігі болмақ

Соңы. Басы 1-бетте.

Басқарма басшысының айтуынша, Алматы цифрландыру қарқыны бойынша ТМД мен Шығыс Еуропаның көшбасшы қалаларының қатарына кіреді: біздің шаһар Мәскеуден кейін «ақылды» қалалар рейтингінде – екінші, ал IDC рейтингіндегі цифрлық жетілу деңгейі 2,7 баллды құрайды.

– Цифрландыру туралы айтқанда, оның даму жолы «Алматы–2050» және «Цифрлы Қазақстан» бағдарламаларының стратегиялық мақсаттарына сәйкес келуге тиіс екенін түсінген жөн. Біз қаланы цифрландырумен қатар, тұрғындар үшін жайлы жағдай жасауға тырысамыз. Біздің басқарма «ақылды» қаланың 11 саласын қамти отырып, түрлі мемлекеттік органдар ұсынған 17 цифрлық офицерді бекітті, – деп атап өтті Б.Қоңырбаев.

Біраз уақыттың ішінде Алматыда бірыңғай деректер базасы, сингапурлық Smart City моделі бойынша бірқатар жобалар іске асты.

– Аталған АТ-платформа мемлекеттік органдарға өзара деректермен жедел алмасуға мүмкіндік береді. Мәселен, 2021 жылы қаланы Цифрландыру басқармасының жұмысындағы басты бағыт – Бірыңғай коммуникациялық кеңістік құру, қала қызметіне АТ-кеңесті тарту мен қолданбалы форматта университеттермен өзара іс-қимылды қалыптастыру еді, – деді Б.Қоңырбаев.

Жалпы, негізгі идея – барлық білім беру мекемелерін, технопарктерді, акселераторлар мен АТ-компанияларды тікелей байланысты қамтамасыз ететін бір платформаға біріктіру. Бірыңғай коммуникациялық кеңістік – бұл АТ бизнес, АТ таланттар және білім беру кластері үшін бір терезе. Қазірдің өзінде платформада 1800 АТ-та-



лант, 17 АТ-компания тіркелген, 18 бос жұмыс орны орналастырылған, 47 білім беру курстары бар.

Баян Қоңырбаев тамыз айында жұмысқа орналасу мүмкіндігімен тегін оқыту бойынша Home Credit University IT HUB-пен пилоттық жоба іске қосылғанын, сондай-ақ «Жобалық менеджмент» құзыреті бойынша Сбербанк және BTS Digital-мен бірлесіп Jumpy Bar екінші пилоттық жобаның іске қосылғанын еске салды.

Цифрландыру басқармасының басшысы Алматының жергілікті АТ-мамандарды қалай қолдайтынын да айтып өтті.

– Алматы әкімдігі Astana Hub-пен бірлесіп Smart City тұжырымдамасы бойынша қалалық қызметтердің жұмысына инновациялық және цифрлық шешімдерді енгізу мақсатында стартаптар үшін акселерация бағдарламасын іске қосты, – деп мәлімдеді

ол. – Бағдарлама қаланың тыныс-тіршілігінің негізгі бағыттары бойынша инфрақұрылымды дамытуға елеулі ықпал ете алатын стартаптарды қолдауға бағытталған. Қазіргі уақытта жергілікті атқарушы органдардың өкілдері мен стартаперлер арасында болашақ жобаларды пилоттау мәселелері бойынша жұмыс жүргізілуде.

Баян Қоңырбаев Алматының кластерлік дамуы аясында қалалық АТ-компаниялар орналасатын аудандық АТ-хабтар жобасының іске асырылып жатқанын хабарлады. Сондай-ақ, жеке инвесторлардың қолдауы арқасында қалада француз бағдарлама мектебінің ECOLE 42 – Academie ONE Informatique моделі бойынша жаңа буын бағдарламалау мектебі құрылуда.

Бұлардан өзге, қала әкімдігі АТ-кәсіпкерлерді жүйелі қолдау үшін кезеңмен гранттар бөледі.

112 орталығы іске қосыла ма?

Алматыда 112 бірыңғай диспетчерлік орталығы жыл соңына дейін пилоттық режимде іске қосылуы мүмкін. Жоба пандемияның созылуына байланысты уақытша тоқтатылған болатын, жоспар бойынша күзге жақын жүзеге асуы тиіс еді.

Алматы қаласы, Әуезов көшесі, 182 мекенжайында орналасқан 112 бірыңғай диспетчерлік орталығының құрылыс жұмыстары пандемия салдарынан аяқсыз қалып, уақытында бітпеген еді. Қазір нысанның құрылысы аяқталуға жақын. Ешқандай кедергілер болмаған жағдайда барлық құрылыс-монтаж жұмыстары биыл өз мәресіне жетуі тиіс. Бұл туралы ӨКҚ алаңында өткен баспасөз конференциясы барысында Алматының цифрландыру басқармасының басшысы Баян Қоңырбаев хабарлады.

«Бұл жерде басты мәселе заң тұрғысынан болып тұр. Нысанды құтқару қызметінің базасына тапсырып, орындалатын процестерді дұрыс реттеу қажет. Себебі, 1990 жылдары 102 мен 103 қызметтерін орнатудың өзі бір жылдан астам уақытты алған. Біз осы жұмысты одан ертерек бітіреміз деп ойлаймын. Аталмыш қызмет



пилоттық режимде жылдың соңына дейін жұмыс істейтін шығар. Келесі жылда орталық жұмысын 911 форматына сәйкес түзетін, жақсартатын боламыз», – деп түсіндірді Баян Қоңырбаев.

Ол АҚШ-тағы 911 қызметінің дамуы 11 жылдан астам уақытты алғанын ескерген дұрыс екенін айтты. Сол уақыт аралығы әртүрлі қызметтерге нұсқаулар беріп, үйлестіруді дұрыс жүргізе алатындай етіп жеке заң актілерін құруға және диспетчерлік қызметкерлердің жұмысын реттеуге жұмсалды.

«Жүйеде отырған адам туындауы мүмкін мәселелерді нақты түсінуі керек. Алматыда біз осымен бір жарым жыл айналысып келеміз. Осы уақыт ішінде үш министрлік: Денсаулық сақтау (103), ТЖМ (101) және ІІМ (102) тарапынан үлкен мәселелер туындап отыр. Әр органның процестері мен өзара әрекеттесуінің өзіндік ережелері бар. Мұндағы негізгі шығындар материалдық емес, пайдаланушы мен оператордың осы жүйеге икемделуінде», – деді спикер.

Баян Қоңырбаев диспетчерлік орталық үш тәуліктен кейін жұмыс кестесімен 150 оператор жалдауды жоспарлап отырғанын айтты. Мүмкін болашақта олардың жұмыс күні он екі сағатқа өзгереді. Бұл оператордың стресс деңгейі мен жұмыс жүктемесі пайдаланушы алатын қызмет сапасына әсер етпеуі үшін жасалады.

Бетті дайындағана Динара МҰРАТ.



«Алматы газға» барыңыз!

Алматылық Ирина есімді тұрғын көпқабатты үйлерге жүргізіліп жатқан газ құбырларының қауіпсіздігіне аландайтынын айтып, редакциямызға хабарласты.

— Біздің «Көктем-1» ықшамауданындағы №21 үйде жаңа газ құбыры ғимараттың дәл қасбетімен, бірінші қабаттардың терезелерінің үстінен және екінші қабаттардағы балкондар-

дың астынан жүргізілуде. Біз 1971 жылы салынған үйде тұрып жатырмыз. Бұл жұмыстың қаншалықты заңды, заңды емес екенін білмейміз, ең бастысы қауіпсіз екеніне көз жеткізгіміз келеді, — дейді ықшамаудан тұрғыны.

Ал аудан әкімдігі бұл мәселе бойынша «Алматы газ» ЖШС-не хабарласу керектігін айтып, мәселені жылы жауып қойды.

Шығындар өтеледі



Алматының Арсений есімді тұрғыны Абай даңғылы мен Жароков көшесінің қиылысындағы ашық люкке көлігімен соғылғанын, қазір көлігінің үлкен жондеуді қажет ететінін айтып, мәселені шешуді сұрады.

Алмалы әкімдігінің жауапты қызметкерлері де люктің ашық жатқанын жоққа шығармай, аудандағы нөсер кәрізіне қызмет көрсетуді мердігер «Алматы Тазалық» МКК жүргізіп жатқанын айтты.

— Мамандар күн сайын нөсер люктерін тазалау немесе ауыстыру (қалпына келтіру) мәселесі бойынша жұмыстар жүргізуде. Қазіргі уақытта көрсетілген мекенжай бойынша люк қалпына келтіріліп жатыр. Соғылған көліктердің жондеуге кеткен шығындары нақты бапқа сәйкес өтеледі. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 9-бабына сәйкес азаматтық құқықтарды қорғауды сот жүзеге асырады, — деді жауапты мамандар.

Тағы 2 жыл күту керек...



2020 жылы Розыбакиев көшесіндегі №283/1 үйдің ауласына жондеу жұмыстары жүргізілген болатын. Алайда, тұрғындар жұмыс сапасының төмен болғанын айтып, наразы екендерін жеткізді.

— Жұмыс нашар жүргізілді, жауын-шашыннан кейін адамдардың және көліктердің өтуіне кедергі келтіретін үлкен шалшық пайда болды. Мердігерлерден ақауды жою жұмыстарын жүргізуді сұраймыз, — дейді тұрғындар атынан хабарласқан Тұрысбек.

Ал Бостандық ауданының

әкімдігі мәселенің жақын арада шешімін табатынын айтты.

— Қазіргі таңда Алматы қаласы ӨЗҚБ тапсырысы бойынша аталған үйдің ауласына су бұру жүйесін (нөсерлі кәріз) салуға ЖСҚ әзірленуде. Жобалық-сметалық құжаттаманы әзірлеу аяқталғаннан кейін ол сараптамаға жіберіледі, — деді әкімдік қызметкерлері. Түсінгеніміз бойынша, жобалық-сметалық құжаттама әзірленіп, сараптама жүргізілгенге дейін талай уақыт артта қалмақ. Мәселе шешімін табу үшін, шамасы, тағы 2 жылдай уақыт күту керек сынды...

ЖАРЫҚСЫЗ АУЛА



Әуезов ауданының 6-ықшам-ауданындағы №19 А үйдің тұрғындары аулаларының жондеу жұмыстарынан өтпегеніне, ескі шамдардың сынып, жаңалары әлі орнатылмағанына шағым білдірді.

— Аулада жарық жоқ, мектеп оқушылары мен ересектер кеш-күрым үйге қайтарда қиналып қалады. Кешке дүкенге бару мүмкін емес. Ауламызға жарық орнатуын сұраймыз, — дейді тұрғындар атынан хабарласқан Жанара.

Тұрғындардың өтінішіне орай, Әуезов әкімдігінің қызметкерлері барлық жұмыс қараша айының соңында аяқталады деп сендірді.

— Көрсетілген мекенжайда «ЕС-Energy Qazaqstan» ЖШС мердігері аула аумақтарын күрделі жондеу жұмыстарын жүргізуде.

Жұмыстар жобалық-сметалық құжаттамаға және бекітілген кес-

теге сәйкес жүргізіліп жатыр, — деді әкімдік қызметкерлері.



«Қарғалы-7» ықшамауданы, Бәйкенов көшесінің Серік есімді тұрғыны «көшеміз үйілген бұтақтар мен жапырақтардан көш ашпайды» деп шағымданды.

— Біздің контейнер алаңында кесілген ағаштар көп, үнемі коқыс, бұтақтар толып жатады. Тіпті, аула тазалаушылар көшенің ортасына бұтақтар мен жапырақтарды үйіп кетеді. Үйінділерден үйге жету мүмкін емес, — дейді тұрғын.

Ал аталған ауданға жауапты «Тәртіп» ЖШС жұмысшылары

БҰҒАН КІМ ЖАУАПТЫ?

жасыл желектерді санитарлық кесуден кейін бұтақтарды алып тастап, жолдардың тазартылғанын айтты. Жергілікті ПИК басшыларына қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауға арналған контейнерлік жәшіктердің жағдайын қадағалау ұсынылды.

Ал «Нұрлытау» ықшамауданына қарасты Бекзада көшесінің тұрғындары, керісінше, №9 үйдің алдындағы ағаштарды санитарлық кесуді сұрайды.

— Қатты жаңбырдан кейін жол бойындағы ағаштар сынып, бұтақтар байланыс сымдарын жұлып тастады. Біз ағаштарды санитарлық кестіру мақсатында «Қазақтелеком» АҚ-ға бірнеше рет өтініш бердік. Олар бұл жауапкершілік өздеріне тиесілі емес екенін айтып, өтінішімізден бас тартты. Бұтақтар өткелді жауып, көліктерге үлкен қауіп төндіріп тұр. Тіпті, алғашқы қар жауғаннан бастап сынған бұтақтардың салмағы ауырлап, сымдардың үзілуіне әкеп соғуда, — дейді Анна есімді аудан тұрғыны.

Ал шағымауданға жауапты ПИК қызметкерлері бұл мәселені Алматы қаласы Жасыл экономика басқармасы шешетінін айтты.

— 18-тармаққа сәйкес, ықшамаудандардағы, тұрғын үйлер алдындағы көшелердегі құрылыстардан бастап тротуар сызығына дейінгі жасыл екпелерді күтіп-ұстау және қорғау аумақ шегіндегі тұрғын үй қорының иелеріне жүктеледі. Сонымен қатар, 42-тармаққа сәйкес, жасыл желектерді санитарлық кесу үшін, міндетті түрде, алдын ала рұқсат алыну керек. Осыған орай, рұқсат беру мәселесі бойынша толық ақпаратты Алматы қаласының Жасыл экономика басқармасынан (ЖҚБ) алуға болады (Республика алаңы, 4, т.к. 272-54-89). Тұрғындардың өмірі мен денсаулығына қауіп төнген жағдайда апатты ағаштарды Алматы қаласы құтқару қызметінің күшімен (тел.109) ПИК төрағасының немесе тұрғындардың өздерінің өтінімдері негізінде кесуге болады, — дейді ПИК қызметкерлері.

Жылусыз «Жұлдыз»

Алматыда жылу беру маусымы (ЖҚ) биыл 2 қазанда басталған болатын. Бірақ қалада көпқабатты үйлердің бәрі бірдей жылымаған. Мәселен, «Жұлдыз-2» ықшамауданындағы №45 үй қысқа мүлдем дайын емес.

— Үй іші суық. Жылу әлі берілмеді. Далада қар жауып кетті. Үйде мүлдем жылу жоқ. Неліктен бұлай болып жатыр? Жылу қашан берілетіні беймәлім, — деп шағымданды Александр есімді тұрғын.

Түркісіб әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің мамандары ықшамаудандағы жылу жүйесін қосу жұмыстарына байланысты жауап берді.

— ПИК, төтенше жағдайлар қызметі ішкі жылу желілерінің жұмысын жақсарту шараларын қабылдады. Мәселе жақын арада шешімін табады. Қазіргі уақытта бұл тұрғын үй тұрақты жылумен қамтамасыз етілді, — деді мамандар.

Ауладағы өрт

Уәкілетті және жергілікті атқарушы органдардың әрекетсіздігі аясында ПИК және басқа да көпқабатты үйлердің басқарушы компанияларының жұмысына наразылық күшейіп келеді.

«Нұркент» ықшамауданындағы №67 үйдің тұрғыны Әсия басқарушы компанияның жұмысына шағым білдірді.

— Аула тазалаушылар барлық коқысты жертелеге сүйреп апарып тастайды. Осыдан біздің жаңа үйде тарақандар мен басқа да жәндіктер пайда болды. Оның үстіне қазанның 12-сі күні мұнда аула сыпырушы әкелген ескі диван өртелді. Тұрғындар өрт сөндірушілерді шақырып, өртті сөндірді. Менеджерге бірнеше рет хабарластық, бірақ нәтиже болмады. Бұл әрекетке Қылмыстық кодекстің аясында шара қолдануларыңызды сұраймыз, — деді тұрғын.

Мәселеге орай, Алатау ауданы әкімінің аппараты «Нұркент-1» басқарушы компаниясымен түсіндіру жұмыстарын жүргізгенін, сондай-ақ, Қазақстан Республикасының «Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңына сәйкес пәтер иелерінің шағымдары қарастырылатынын жеткізді.



СҰРАҚ ЖАУАПСЫЗ ҚАЛМАЙДЫ

Алматыдағы тозығы жеткен үйлердің барлығы жондеу-ден өте ме? Бұл сұрақ Сүйінбай даңғылындағы №185 В үй тұрғындарын мазалап келеді.

— Көпқабатты үйдің әбден тозығы жетіп, құлаудың алдында тұр. Бұл үйдің алдағы тағдыры не болмақ? Ол қашан бұзылады? Жондеу жұмыстары жүргізіле ме? Осы сұрақ-

тарға жауап тапқымыз келеді, — дейді Светлана есімді тұрғын.

Алматыда 1970 жылға дейін салынған екі қабатты үйлер ғана тозығы жеткен тұрғын үй санатына жатқызылады.

Тұрғындардың сұрағына жауап берген Түркісіб ауданының әкімдігі тұрғын үй қорын

жаңарту бағдарламасының жеке инвесторлар есебінен жүзеге асырылатынын түсіндірді.

— Аталған үй жеке секторға (ЖЖС) жатқызылған, сондықтан оны бұзу мүмкін емес, — дейді әкімдік қызметкерлері.

Дайындаған
Айжан БҮРКІТБАЕВА.



Берекет КӘРІБАЕВ,
ҚРҰҒА академигі, профессоры, тарих ғылымының докторы

ҒИБРАТҚА ТОЛЫ ҒҰМЫР

Қазақ ғылымына орасан зор мұра қалдырған академик Манап Қозыбаев өмірінің көпшілікке беймәлім тұстарына үңілгенде

Егер де көзі тірі болса, 2021 жылдың 16 қарашасында көрнекті ғалым, қоғам және мемлекет қайраткері, тарих ғылымының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының академигі, Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген ғылым қайраткері, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының иегері, ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасының мемлекеттік бейбітшілік және рухани келісім сыйлығының лауреаты, Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Мемлекеттік саясат жөніндегі Ұлттық Кеңестің және Адам құқығы бойынша Мемлекеттік комиссияның мүшесі Манап Қабашұлы Қозыбаев 90 жасқа толар еді.

Тұлғалық болмысы асқақ ғалым

Атақты ғалымның қысқаша өмір жолы міне, осындай. Ал оның артында қалдырған ғылыми шығармалары ұшан-теңіз. Ғалымның қаламынан жалпы саны 800-ден астам ғылыми және ғылыми-көпшілік еңбектер, соның ішінде 30 монография (олардың 18-і авторлармен бірлесіп), 50-ден астам жұмыс еңбек, оқулықтар мен оқу құралдары туған. Ұстаз еңбектерін хронологиялық тұрғыда тәуелсіздікке дейін және тәуелсіздік жылдары жазылған деп қарастырсақ, онда оның еңбектерінің басым бөлігі екінші кезеңде жазылғанын көреміз. Бұл дегеніміз – Тәуелсіздік талантты тұлғаның дарынына тың серпін бергенін көрсетеді. Қазіргі кезеңдегі зиялы қауым мен көзі ашық, көкірегі ояу аға буын оқырмандар есінде оның: «История и современность», «Ақтаңдақтар ақиқаты», «Жауға шаптым ту байлап», «Труд во имя победы», «Тарих зердесі», «Казахстан на рубеже веков: размышление и поиски», «Дала өркениеті және қазақ халқы», «Өркениет және ұлт» атты еңбектері қатталып жүр.

Академик М.Қ.Қозыбаевтың өмірі мен ғылыми жолы, шығармашылығы жөнінде ғылыми әдебиеттер мен мерзімді басылымдарда көп айтылды десек, артық айтқандық емес деп ойлаймын. Әлі де болса болашақта көзі тірі замандастары мен өзін көрген ізбасарлары, ізіне ерген әріптестері мен сөзін тыңдаған шәкірттері Манап Қабашұлының жеке басындағы әртүрлі қасиеттері туралы, адамдармен қарым-қатынасы, ғылыми шығармашылығы мен еңбектері туралы, ұстанымдары мен көзқарастары туралы, саяси-қоғамдық қызметі туралы әлі талай естеліктер айтары да, жазары да сөзсіз. «Таулар алыстаған сайын биіктей түседі» дегендей, уақыт өткен сайын оның тұлғалық болмысы асқақтай түсуде. Біз де бұл жерде академиктің тұлғалық болмысының өзіміз білетін қырларын оқырмандарға көрсетуді жөн көрдік.

«Студенттікке үміткерлер» санатында

Тұлғаны қаншама танып-білдік десек те, оның кейбір өмір жолындағы ұсақ болып көрінген жәйттерге онша назар аудармай жатамыз. Кейде сондай жәйттер тұлғаның, яки адами қасиеттерін, яки тұлғалық болмысын, не болмаса көзқарастары мен ұстанымдарын анықтай түсуге көмектесіп жатады.

Солардың бірі – болашақ академиктің әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің (бұрынғы С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университеті) Тарих факультетінің студенті атануы мен бірінші курста оқуы жөнінде. Бұл туралы академиктің курстас досы, тарих ғылымының докторы, профессор Әбу Сақтағанұлы Тәкеновтың жұбайы Сара апай 1998 жылы айтып берген еді. Ол кісінің айтқан әңгімесінің қысқаша мазмұны мынадай: «...Әбекең (Әбу Сақтағанұлы Тәкенов) пен Мәкең (Манап Қабашұлы Қозыбаев) университетке орта мектепті бітіре сала келді. Олардың тобында соғысқа барып келген, тылда еңбек жасаған ересек жігіттер болған екен. Екеуінің білімі тұяқ болса да жастығына қарап, оларды бірден студенттер қатарына қабылдамайды. «Студенттікке үміткерлер» деген санатпен студенттік топқа қабылдайды. Шамасы, оқи алмаса, өздері де шығып кетер деп ойласа керек университет басшылығы. Бірақ бірінші курстың қорытындысы бойынша екі жас бозбала үлгерім жағынан топтың алдына шығады. Содан кейін барып екеуі де толыққанды студенттер қатарына қабылданады.

Бұл жәйтті Манап Қабашұлының өзі де растап берді. Мәкеңнің курстас досы, профессор Ә.С.Тәкенов 1997 жылы мезгілсіз қайтыс болып, бір жылдан соң «Арың таза еді, Әбу!» деген оның естелігі жарық көрді. Онда ол өздерінің бірден студент бола алмай қалғанын былайша баяндайды:

«Әбу Қазақ университетіне оқуға 1948 жылы июль айында келді. Мен де сол Тарих факультетіне оқуға түсу үшін келіп, емтихан тапсырып жүрген кезінде онымен таныстым. Біз екеуіміз де Тарих факультетіне студент бола



БІЗДІҢ ДӘЙЕКТЕМЕ

Манап Қабашұлы 1931 жылы 16 қарашада Қостанай облысы, Меңдіқара ауданы, Тұзкөл ауылында дүниеге келген. 1941–1945 жылдардағы соғыс кезінде қаршадай кезінен үлкендердің орнына колхоздың қара жұмысына араласады. Ауылындағы жетіжылдық мектепті бітірісімен 1944 жылы Алтынсарин атындағы Меңдіқара педучилищесіне қабылданады. Оны 1947 жылы үздік аяқтап, Үлгілі ауылындағы 7 жылдық мектепте бір жыл мұғалім болып жұмыс жасайды. 1948–1953 жылдары қазіргі әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің Тарих факультетінде (бұрынғы С.М.Киров атындағы ҚазМУ) оқып, оны үздік аяқтайды. 1953–1958 ж.ж. Қостанай пединститутында оқытушы, 1958–1974 ж.ж. СОКП ОК жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Қазақ бөлімшесінде ғылыми қызметкер болып еңбек жолын жалғастырады. Осы мекемеде ғылыми жұмыстармен айналысып, 1962 жылы кандидаттық диссертациясын, 1969 жылы Мәскеуде докторлық диссертациясын сәтті қорғап, 1970 жылы профессор атағын алады. 1974–1979 жылдары Алматы мал дәрігерлік институтында, ҚазМУ жанындағы Қоғамдық ғылымдар оқытушыларының білімін жетілдіру институтында кафедра меңгерушісі қызметтерін атқарады. Одан әрі ғалымның өмір жолы былайша жалғасады. 1979–1986 жылдары Қазақ Кеңес энциклопедиясының Бас редакторы, 1986–1988 жылдары Қазақстан ҒА Тарих, археология және этнология институтында тарихнама бөлімінің меңгерушісі, ал 1988 жылдан демі таусылған күнге дейін ҚР ҰҒА Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының директоры қызметін атқарады.

алмай кандидат деген желеумен оқуға кірдік. Қазақ айтады ғой, «әйел-мұңдас» деп, кандидат болып оқуға түсе алмаған топ, оқшау жүретінбіз, мұңдасатынбыз, жағдайымызды бір-бірімізге айтатынбыз. Тарих факультетінің бірінші курсында латын тілінен Якушев деген ақсақал берді. Ұстазымыз патша заманында университет бітірген, өте зиялы адам болатын. Біз Әбу екеуіміз алдыңғы қатарда отырып, кейде балалық жасап, өзара сөйлесіп кетсек, ол кісі бізге «пузионистер» тыныш отырыңдар! – дейтін». Ол латынша «Еркебай» дейтін сөз болуы керек. Біз кейде бір-бірімізге сол атақты таңып, «әй, Еркебай» деп те айтатынбыз...».

Осы студент бола алмай қалған екі «кандидат» сабақтарын өте жақсы оқып, университетті үздік бітіріп шығады. Шамасы, екі жас жігіт өздерінің намыстарына қамшы салған болулары керек, тарих ғылымына қадам салып, оның шыңына дейін көтеріледі. Кейіннен бірі – академик,

екіншісі – профессор атанады. Бұл біздің кейіпкеріміздің өмірінің көпшілік біле бермейтін бір жәйті.

«Бекмаханов ісі»

Академик М.Қ.Қозыбаев өмірінің келесі бір тұсына – оның соңғы курста оқып жүріп, алғашқы қоғамдық-саяси іс-шараларға баруы жатады. Әңгіме «Бекмаханов ісіне» қатысты.

Көпшілікке мәлім, профессор Е.Бекмаханов 1947 жылдан бастап қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Тарих факультетінде жұмыс істейді. 1951 жылы университеттен қуылады. 1952 жылы 5 қыркүйекте тұтқындалып, сол жылдың 3 қарашасында айыптау қорытындысы шығады. Ал 1952 жылдың 2 желтоқсанында 25 жылға сотталады. Бұл кез Манап Қабашұлының Тарих факультетінің 5-курсында оқып жүрген кезі. Ұстаздарының ғылыми көзқарасы үшін жазықсыз айыпталып жатқанынан хабардар Тарих факультетінің бір топ жоғары курс студенттері жоғары жаққа хат ұйымдастырып, қол жинайды. Бұл жәйт арнаулы ұйым қызметкерлеріне мәлім болады да, студенттерді қыспаққа ала бастайды. Кейбір студенттердің көрсетуінше, бастамашыл топты басқарып, хат жазып, қол жинағандардың ішінде студент Қозыбаевтың аты-жөні де айтылады. Содан кейін студент М.Қозыбаевтың да басына қара бұлт төне бастайды. Соның салдары болуы керек, 1953 жылы университеттің Тарих факультетін үздік бітіргеніне қарамастан, Алматыда қала алмай, Қостанайға жіберіледі.

Бұл оқиға болашақ академиктің тұлғалық болмысына қатты әсер етсе керек, кеңестік заманның іргесі сөгілер тұста тарихымыздағы айтылмаған ақиқаттарды шынайы түрде айтуға бар күшін салады. Зиялы қауым академиктің 90-жылдарға дейінгі жарияланған еңбектерінен гөрі, 90-жылдардан кейінгі жазылған еңбектерін жақсы біледі. Өйткені, оларда тарихи сана, тарихи көзқарас, ұлттық тарих мәселелері жөнінде жаңа ұстанымдар, ойлар мен тұжырымдар туралы қарастырылады.

«Жақсының аты, ғалымның хаты өлмейді»

Академик М.Қ.Қозыбаевтың көпшілік аңғара бермейтін бір қырына – оның әрі шешендігі мен шебер көсемсөздігі жатса керек. Ол өзі жазған көсемсөздік сипаттағы баяндамаларын өзі жазып, өзі майын тамыза оқитын. Сондай баяндамалардың бірі – 2001 жылы әріптесі, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Тарих факультетінің Ежелгі және ортағасырлардағы Қазақстан тарихы кафедрасының меңгерушісі, тарих ғылымының докторы, профессор Дина Исабайқызы Дулатованың 70 жылдық мерейтойында жасаған баяндамасы жатады. Екі әріптес те бір жылы туғандар, яғни 1931 жылғылар еді. Дина Исабайқызы 1931 жылдың қаңтарында туылса, Манап Қабашұлы 1931 жылдың қарашасында дүниеге келеді. Содан болуы керек, араларында өте жарасымды, мәдени түрде әзіл жүретін.

Академик М.Қ.Қозыбаевтың салтанатты жиында Д.И.Дулатова туралы жасаған баяндамасы өте әсерлі болды. Мерейтой иесінің кейбір мінездерін шынайы түрде бүкпесіз, тура айтқандықтан залда отырғандар баяндамашының әрбір ойы мен сөзіне қол соғып отырды. Ол бейнетаспаға түсірілген еді. «Өнегелі өмір» сериясымен университетіміз Д.И.Дулатова туралы кітап шығарғанда, академиктің баяндамасы соған енгізілді. Сол баяндамадан бір-екі жол үзінділер келтіре кетсек. «Қазақ – қызық халық. Өмірінің қызығынан көрген шыжығы көп. Сол шыжық соңына еріп, өзінің быжық болып кеткенін де байқамай қалатын кездері бар.

...Дина ханым намысын талмай қайрап, намысқа арын жалғап ту еткен жан. Ол ешкімге шіреймейді, бармын деп аспайды да таспайды, үрейленіп саспайды, әділеттен қашпайды, дос сырын шашпайды, арысздардан аттайды да тура жолымен жүре береді. ...Бүгінгі юбилір Дина ханым айбынды да айтымды азамат. Ермен тең нардың жүгін көтеретін жан, екі айтпайды, айтқанынан қайтпайды, өтірік дегенді білмейді, өсек жолмен жүрмейді, жалпылдап мырқынбайлармен күлмейді, анау-мынау жандарды көзіне де ілмейді, уәде берсе тұрады, алысса жығады, күрессе үйіріп-үйіріп тобықтан ұрады, қасқайып қас батырдай менмұңдалап тұрады. Айбынды азамат әйел затынан екеу болса, бірі Дина ханым, бір адам болса, ол – Дина ханым. Оның табиғи болмысы осылай жаралған».

Академик М.Қозыбаев өмірден өтсе де оның есімі халық есінде сақталып отыр. Солтүстік Қазақстандағы мемлекеттік университет М.Қозыбаев есімін алса, оның есімімен көшелер аталады. Қазірдің өзінде оның 9 томдық шығармалар жинағы жарық көріп, еліміздің рухани байлығына айналып отыр. «Жақсының аты, ғалымның хаты өлмейді» деген осы болса керек.



● ИЗЕТ

Тарихтағы Манап тағылымы



Айжан
БҮРКІТБАЕВА

ҚР Ұлттық кітапханасында көрнекті тарихшы ғалым, тарих ғылымының докторы, профессор, Қазақстанның еңбек сіңірген ғылым қайраткері, ҚР ҰҒА академигі Манап Қабашұлы Қозыбаевтың 90 жылдығына арналған «Тарих ғылымының тарланы» атты еске алу кеші өтіп, кітап көрмесі ұйымдастырылды.

ҚР Ұлттық кітапханасының қорында М.Қозыбаевтың өмірі мен шығармашылығы туралы 2000-ға жуық басылымдар, оның ғылыми еңбектері, монографиялары, ғылыми конгрестер мен конференцияларда сөйлеген сөздері, мерзімді баспасөз беттерінде жарияланған ғылыми-публицистикалық мақалалары сақталған.

ның, әріптестері мен достарының мерзімді басылымдар беттерінде жариялаған естеліктері ұсынылған.

Еске алу кешінің бір бөлігі ретінде өткізілген «Дөңгелек үстелде» ғылым майталмандары көрнекті академик туралы естеліктерімен бөлісті.

– Манап Қозыбаев – кіші «іні» деп, үлкенді «аға» деп сыйлайтын

шынайы тарихшы ғалым болатын. Барлық шыңға жетсе де, қандай биіктіктен көрінсе де өзінің адал еңбегімен жеткен ғалым еді, – деді З.Маймақызы.

Тарих ғылымының докторы, қытайтанушы Нәбижан Мұқаметханұлы Манап Қозыбаевты шет елден келген қандастарға қамқор болған мейірбан ұстаз болатын деп еске алды.

– Осы уақытқа дейін ұстазым туралы біраз мақалалар жаза келе, бір түйгенім, Манап ағамыздың еңбектерін 20 жылдан кейін оқысаңыз, жаңа түсініктерге ие боласыз. Бұл кісінің, біріншіден, Алла берген табиғатынан таланты, өр мінезі, зеректігі, қағылездігі, ұлтжандылығы адамды сүйсінді-



«Тарих ғылымдарының тарланы» атты еске алу кешіне көрнекті ғалымдар мен зиялы қауым өкілдері, туыстары, жоғары оқу орындарының оқытушылары мен кітапхана оқырмандары қатысты. Іс-шарада ғалымның туыстары ұсынған М.Қозыбаев туралы деректі фильм көрсетілімі, ҚР Ұлттық кітапхана қорынан ұйымдастырылған «Тарих ғылымының тарланы» атты кітап көрмесіне шолу жасалды. Кітап көрмесінің мақсаты – көрнекті ғалымның өмірі мен шығармашылығын насихаттау және таныстыру.

Кітап көрмесінде М.Қозыбаев-

жан болатын. Мен оны кезінде сырлас болған адам ғана емес, ағам деп қабылдаймын. Манап Қозыбаев – Қазақстан тарихына қазақтың келбетін, құндылығын, ісін әкелген адам. Бүгінгі еске алу кешін өткізіп, еңбектерінен кітап көрмесін өткізу – үлкен іс, үлкен бастама, – деді мәдениеттанушы-ғалым, дипломат, мемлекет және қоғам қайраткері Мұрат Әуезов.

Манап Қозыбаевтың шәкірті, тарих ғылымының кандидаты, доцент Зирабүбі Маймақызы ғалымның барлық сала бойынша еңбек жазған талантты адам екенін айтты.

реді. Тәуелсіздіктің қарсаңында, 1990 жылдары Манап ағамыз «Біз Ресейге жалтақтамау үшін тәуелсіздікке ұмтылуымыз керек», – деп айтатын. Манап ағамыздың еңбектерін қарап отыратын болсақ, тәуелсіз сананы ояту, тарихи сананы қалыптастыру үшін жасаған еңбегі, мұрасы зор екен. Ол кісі нағыз мейірбан ұстаз болатын. Мен Қытайдан Қазақстанға алғаш келген уақытта бауырына басып, қанатының астына алған Манап Қозыбаев болатын. Ол өте білімді кісі еді. Бірде қытайлық ғалымдармен кездесу өтіп, мен Манап ағамыздың қасында ау-



тың «ҚР ҰҒА Хабарлары, Қоғамдық ғылымдар сериясы», «ҚР ҰҒА Хабаршысы», «Қазақ тарихы» мен «Ақиқат» журналдарының және басқа да басылымдардың редакциялық алқа мүшесі, тұрақты авторы, «Қазақстан – Заман» газетінің негізін қалаушы болған кезеңдердегі басылымдары көрсетілген. Сондай-ақ, ғалымның әр жылдары шыққан басылымдары, оның туыстары мен жақындары-

– Мұхит қандай терең болса, Манап Қабашұлының артында қалған мұрасы да – дәл сондай терең, бағалы, құнды еңбектер. Манап аға барлық сала бойынша қалам тартты. Ол кешегі кеңестік кезеңдегі, Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Қазақстанның майданға қосқан ерлігін, тылдағы еңбеккерлер өмірін, сол кезеңде одақтық, әлемдік деңгейде көтерілген мәселелерді зерттеп жазған нағыз

дармашы болып барғанмын. Жиналыстан кейін қытайлық ғалымдар ол кісінің білімділігіне таңқалып, таңдай қағып кеткен болатын, – деді Н.Мұқаметханұлы.

«Тарих ғылымдарының тарланы» атты еске алу кешінің соңында Манап Қозыбаевтың өзі шығарған өлеңдерінен үзінділер оқылып, ғалымның құрметіне термелер айтылды.

● ТАҒЫМ



ҰЛТЫ ҰЛЫҚТАҒАН ТҮЛҒА



Ақтолық
ТҮРЛЫҒАЗЫ

Шаһарда публицист, ғалым Сұлтанбек Қожанұлының бюсті ашылды.

Мемлекет және қоғам қайраткеріне арналған мүсін Алматының Қожанов пен Жароков көшелерінің қиылысында бой көтерді. Салтанатты рәсімге тарихи тұлғаның туыстары мен зиялы қауым өкілдері қатысып, С.Қожанов туралы тың деректерді бөлісті. «Отызға келгенде орда бұзбасаң, қырында қыр аспайсың» дейді ғой қазақ. Егемендікті алар кезімізді армандап өткен Алаш азаматтарының бірі Сұлтанбек Қожанов болатын. Біздің ниет – осы кісінің жүріп өткен жолы жастарға үлгі болса екен дейміз», – деді С.Қожанов атында-

ғы қайырымдылық қорының төрағасы Мұқан Әбдіраманұлы. Ұстаз, ғалым, публицист Сұлтанбек Қожанов бірінші кезекте ұлттық мүддені ойлайтын. Ол үшін ымырасыз күресті дейді тарихшылар. Ол еңбекшіл халқымен жақсы байланыс ұстап, экономикалық, әлеуметтік, мәдениет мәселелерін шешуге тырысқан. Оның артына қалдырған мұрасы – бүгінгі ұрпаққа үлгі, өнеге.

«Біз оны Қазақ елі тәуелсіздігінің бастауында тұрған тұлғалардың бірі ретінде қараймыз. Ол – Әлихан Бөкейханның, Ахмет Байтұрсынұлының, Міржақып Дулатұлының ізін басқан, солармен тығыз қарым-қатынаста болған, Алаш қайраткерлерімен араласқан, өз қайырымын түгізген үлкен тұлға», – деді филология ғылымының докторы Амантай Шәріп.

● КӨРМЕ

Әлем – балалар көзімен



рымды, өзімді қоршаған ортаға деген көз қарасымды жеткіздім деп ойлаймын. Көрмеге келушілер осы арқылы әлемге біздің балалардың көзімен қарай алады деген сенімдемін, – дейді жас суретші Амина Тілепова.

Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай ұйымдастырылып отырған іс-шараға, шетелдік суретшілер де қатысып, шеберлік сағатын өткізді.

– Менің туып-өскен жерім – Нигерия. Алайда, Қазақстанда тұрып жатқаныма 10 жылдың жүзі болды. Алғашқыда бұл елге футболшы ретінде шақырылдым. Кейіннен сүйікті ісім – суретшілікпен айналыса бастадым. Қазіргі таңда салған суреттерім, АҚШ, Нигерия, Ресей сынды мемлекеттердің музейлеріне қойылған. Игі бастаманы қолға алғандарға алғысымды білдіремін. Жастардың туындыларын жарыққа шығарып, қала тұрғындарының тамашалауына үлкен мүмкіндік беруде. Алдағы уақытта жасөспірімдердің осы жұмыстары әлемді бағындыратынына сенімдімін, – дейді суретші Мозас Зибо.

Көрме 14 қарашаға дейін жалғасады.



Ақтолық
ҒАЛЫМҒАЗЫҚЫЗЫ

Алматы музейі «Балалар әлемді бейнелейді» қоғамдық қорымен бірлесіп «Балалықтың бал күлкісі» тақырыбында көрме ұйымдастырды.

Шараға Қазақстанның түкпір-түкпірінен 50-ден астам еңбек қойылған. Олардың басым көпшілігі табиғаттың ластануын, ағаштардың қурауын ақ қағазға сурет күйінде түсірген. «Біздің мақсатымыз – жас таланттардың еңбектерін көпшілікке таныстыру. Олардың ойымен санасып, тың идеяларын ұсыну», – дейді «Балалар әлемді бейнелейді» қоғамдық қорының директоры Мөлдір Бекжан.

Алматы музейінің мәдени қызметінің маңызды бағыттарының бірі – балалар шығармашылығын қолдау және насихаттау. Бүгінде елімізде қылқалам өнеріне қызығушылық танытып отырған балалар жеткілікті.

– Мен сурет салумен 13 жасымнан айналыса бастадым. Бүгінгі көрмеге 10-нан астам жұмысымды ұсындым. Осы жұмыстарым арқылы ішкі эмоцияла-





БІЗ СІЗДЕРМЕН БІРГЕМІЗ

Бақытжан САҒЫНТАЕВ:

Курстарда оқып, білімін жетілдірген аналарды демеп отыру керек. Оқығаннан кейін ол жұмыс көзін тапты ма, бизнес ашты ма, оған не кедергі, міне, осыларды бақылау керек. Егер ол тігін курсын бітіріп, көрпе тігем десе, тігін машинасын сыйлау керек. Кімнің неге икемі бар, соған сай тегін грант берейік. Бірақ оны бақылау керек. Ал ол аяғына тұрып алған соң, айналасындағы құрбыларын да тартады.



«Бақытты отбасы»

Алматы қаласының әкімі Бақытжан Сағынтаев шаһардың барлық ауданынан әлеуметтік жағынан аз қамтылған көпбалалы отбасылардың, жалғыздікті әйел-аналардың мүддесін көздейтін «Бақытты отбасы» орталықтарын ашуды тапсырған болатын.

Бүгінде мұндай орталықтың саны – 9 (1 – қалалық, 8 – аудандық). Олар жыл өткен сайын табысты жұмыс істеп келеді. Орталықтарда барлығы 5788 адам тіркелген. Биылғы 10 айда 53 569 адам ақпараттық-кеңестік және ресурстық қолдау көрсетсе, 4959 адам әдістемелік және заң көмегін алған. Ал 8141 адам базалық тренингтерден, 11 911-і көпбалалы отбасыларына арналған оқыту курстарынан өткен.

Ұрпақтар сабақтастығын жалғап, дәстүрлі қолөнерді дамыту мақсатында Ала-тау ауданындағы аз қамтылған отбасылар

үшін қолөнер орталығы ашылды. Оған 767 әйел-ана жүгінген, 2477 адамға ақпараттық-кеңестік қолдау көрсетілсе, 279 адам – психологтың, 225-і – заңгердің, 392-сі әлеуметтік қызметкердің қызметін алған. Дәстүрлі қолөнер, киім дизайны, визаж және маникюр бойынша курстарда бүгінде 920 адам оқып жүр, ал 1848 бала түрлі үйірмелерге барады.

- **Өз бизнесін ұйымдастыру үшін 1000 жұмыссыз 583 мың теңгеден (200 АЕК) өтеусіз грантқа ие болған.**
- **«Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы арқылы жыл басынан бері 17 мыңнан астам адам тұрақты жұмысқа орналастырылды.**



«Белсенді ұзақ өмір»

«Белсенді ұзақ өмір» әлеуметтік жол картасын іске асыру биыл да жүйелі жалғасын тапқан.

Қалада 9 «Белсенді ұзақ өмір» орталығы жұмыс істейді. Оларда барлығы 25 941 адам тіркелген, қызметтермен 328,6 мың адам қамтылған. 65 жастан асқан кісілер үшін қызметтер онлайн-режимде көрсетіледі.

Зейнеткерлерді белсенді және салауатты өмір салтына тарту үшін емдік йога, скандинавиялық жүріс сабақтары өткізі-

леді. Бұл бағытта барлығы 26,6 мың адам қамтылған. Гериятр-дәрігердің, кинезиолог-психологтың, медицина қызметкерлерінің кеңестерін 21,1 мың адам алған. Ал бос уақытты тиімді өткізу іс-шараларына (шахмат, нарды, домино, сурет салу, кескіндеме және графика, өсімдік шаруашылығы, хендмейд, жадыны нығайту техникасы) 13,8 мың адам тартылған. Санаторлық-курорттық емдеу бойынша қызметтерді 2544 адам алды.



Алматылықтардың көштен қалмай, тегіс жақсы тұрмыс кешуі үшін қала әкімдігі тарапынан барлық жағдай жасалған. Мәселен, Алматы қаласының Әлеуметтік әл-ауқат басқармасы жұмыссыздарды, мүмкіндігі шектеулі жандарды, зейнеткерлерді, өмірлік қиын жағдайларға тап болған адамдарды, аз қамтылған, көпбалалы отбасыларды және халықтың басқа да әлеуметтік осал топтарын қолдау бағытында жүйелі жұмыстар атқарып келеді.

«Шыңға өрлеу»

Шаһар басшысының тапсырмасымен «Шыңға өрлеу» әлеуметтік клубы жобасы да жедел қолға алынған болатын.

Жобаның мақсаты – әлеуметтік мекемелерде тұратын зейнеткерлер мен мүгедектерді қоғамдық өмірге тарту, өмірлік тәжірибе берудің үйлесімді процесін қалыптастыру арқылы, аз қамтылған және көпбалалы отбасыларда тәрбиеленетін және ерекше қажеттіліктері бар балаларға арналған бастауыш мектеп жасындағы өрендер үшін түрлі форматта өнімді, екі жақты байланыс орнату. Яғни аға буын мен жас буынның арасына алтын көпір орнату.

Бүгінгі таңда шаһардың 8 ауданында да офлайн-режимде «Шыңға өрлеу» әлеуметтік клубтары жұмыс істейді. Барлық саны – 11.

Жыл басынан бері «Шыңға өрлеу» қызметімен 2270 бала қамтылып, зейнеткерлер мен мүгедектігі бар адамдар қатарынан 188 адам жұмысқа орналастырылған.



«Тәуелсіз өмір мектебі»

«Тәуелсіз өмір мектебі» әлеуметтік жобасы да жүйелі түрде жұмыс істеуде. Мақсаты – өз мүмкіндігін білмеу немесе отбасы тарапынан гипер-қамқорлық салдарынан қоғамнан оқшауланып қалған мүгедек адамдарды қолдау. Сондай-ақ, мүгедектігіне байланысты бойындағы

қорқынышы мен алдағы күндеріне деген күмәнді ойларын жеңе білуді, өзін-өзі бағалауды және мақсат қою дағдыларын қалыптастыру мен өз өмірін жоспарлай білуді үйрету. Бұл жоба шеңберінде қалада 6 жаттықтырушының қатысуымен 128 мүгедек адам жеті күндік курстан өтті.



- **2021 жылдан бастап мүгедек адамдардың есеке ерекшеліктерін ескере отырып, оңалту құралдарын өз бетінше таңдау мүмкіндігін беретін «Әлеуметтік қызметтер порталы» іске қосылды. Биыл 24 486 мүгедек жанды осы портал арқылы оңалту құралдарымен және әлеуметтік қызметтермен қамтамасыз ету жоспарланған.**
- **«ТепҚоғам» мүгедек адамдарды әлеуметтік қолдау орталығы» жобасы арқасында 584 адам қызмет алды.**

- **Ұлы Отан соғысы жеңісінің 76 жылдығына 123 ардагерге 1 млн. теңгеден төленді.**

- **Биылғы 10 айда әлеуметтік төлемдерді 59 мың аз қамтылған азамат алды. Оның 24 мыңы атаулы әлеуметтік көмекпен қамтылып, 5,5 мың бала кепілдендірілген әлеуметтік пакетпен қамтамасыз етілген. Тұрғын үй көмегін 1623 аз қамтылған отбасы иеленген.**

- **Қалада тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына арналған дағдарыс орталығы жұмыс істейді, онда 309 адам қызмет алды.**



Аналар мен балалар жұмысы.

Бетгі әзірлеген
Нұржамал ӘЛІШЕВА.



● #ЕКПЕАЛ

ҚАЙТАРА ЕГУ – УАҚЫТ ТАЛАБЫ

Қазақстанда 22 қарашада ревакциналау басталады. Бұл туралы Үкімет отырысында ҚР Денсаулық сақтау министрі Алексей Цой айтты.



Нұржамал ӘЛШЕВА

«Мемлекет басшысының тапсырмасымен Республика халқын иммундау жөніндегі консультативтік комиссияның ұсынысына сәйкес, бұған дейін халықты ревакциналау тәсілдері баяндалған болатын. Ревакциналау 22 қарашада 2 кезеңмен басталады», – деді министр.

Ең алдымен, халықтың тәуекел тобына кіретіндер өтеді. «Бірінші кезекте тәуекел тобына кірген адамдар екпе алғандығын, бірінші вакциналау мерзімін ескере отырып, осы жылдың соңына дейін халықтың әлжуаз тобы ревакциналаудан өтеді. Олар – медицина қызметкерлері, педагогтар, медициналық-әлеуметтік мекеме қызметкерлері мен контингенті, жабық балалар мекемелері, күштік құрылым қызметкерлері», – деді министр.



вакциналау әдетте оқу орнындағы екпе пункттерінде, яғни білім беру ұйымдарында жүргізіліп келді. Коронавирус инфекциясына қарсы вакциналау да жасөспірімдердің,

кәмелетке толмағандардың ата-анасының немесе өзге де заңды өкілдерінің ақпараттық келісімінен кейін білім беру ұйымдарында жүзеге асырылады», – деді министр. Осы ретте өңірлердің әкімдіктері Ақпарат және қоғамдық даму, Білім және ғылым, Денсаулық сақтау министрліктерімен бірге КВИ-ге қарсы вакциналау мәселесі бойынша жасөспірімдердің, кәмелетке толмағандардың ата-анасын немесе өзге де заңды өкілдерін, педагогтарды ақпараттандыруы қажеттігін айтты. Сондай-ақ, әкімдіктердің санитарлық нормаларға сәйкес, екпе пункттерін дайындауы, вакцинаның бірінші топтамасы жеткізілгенге дейін тоназытқыштарды орнатуы, вакцинаны тасымалдау, сақтау және қолдану ережесін сақтауы, медицина қызметкерлерін дайындауы тиістігін жеткізді.

Жалпы, әлемдік рейтингке сәйкес, коронавирус инфекциясына қарсы вакциналау жүргізген 205 елдің ішінде Қазақстан өз халқын ковидке қарсы екпенің 2 дозасымен қамту көрсеткіші бойынша 105-орында тұр және вакциналаумен қамту халық санының 41%-ға жуығына жеткен.

● ӨНЕРТАБЫС


Экспресс-тест ковидті анықтайды

Қазақстандық жас ғалым синтетикалық нанобөлшектер негізінде коронавирусты жұқтырғаннан кейінгі бірінші күннен бастап аз мөлшерде анықтауға қабілетті экспресс-тест әзірледі.



Ақтолық ТҮРЛЫБАЕВ

Өнертабыс синтетикалық наноденелерге негізделген, оларды қазақстандық ғалымға швейцариялық зерттеушілер берген. Экспресс-тест жасауға алты ай уақыт кетіпті. «Алты ай бұрын мен коронавирусты анықтайтын экспресс-тест жасау бойынша жұмыс істеп жатқанымды жарияладым. Мені Жас ғалымдар альянсы, Nazarbayev University әлеуметтік даму қоры, Назарбаев Университеті жанындағы Astana Business Campus, сондай-ақ Ұлттық биотехнология орталығы қолдады», – дейді НУ PhD-бағдарламасының түлегі Болат Сұлтанқұлов. Алынған тест 15 минут ішінде адамда коронавирус бар-жоғын анықтайды және қосымша жабдықты қажет етпейді.



Тесттің ерекшелігі: ол антиденелерді емес, вирустың өзін анықтайды. Сондықтан ол ауруды симптомдар пайда болғаннан кейін бірден табады. «Экспресс-тестті симптомдар пайда болғаннан кейінгі алғашқы 7 күнде қолдану керек. Тест симптомсыз тасымалдаушыларды қалай көрсететінін әрі

қарай зерттейміз. Тест экспресс-жолаққа ұқсайды және жүктілік тесті сияқты жұмыс істейді. Оны ПТР-сынағы сияқты мұрын-жұтқыншақтан шыққан сілекей, қақырық, шырыш үлгілері бойынша жасауға болады. Биоматериалды тестке бекітілген пластикалық пробиркадағы арнайы ерітіндімен араластырады, содан кейін қоспаның аз көлемі екінші таза пробиркаға салынады, сосын оған қағаздан жасалған тест-жолақты батырады», – деп түсіндірді Б.Сұлтанқұлов. Ғалымның айтуынша, сынақ жолағы бірнеше конфигурациямен жасалған. Тесттің қате нәтиже көрсету дәрежін азайту үшін әртүрлі конфигурацияны қолдануға болады. Енді коронавирусты анықтайтын экспресс-тестті тексеріс пен сараптамадан өткізу керек, егер ол тиімділігін көрсетсе, жақында өндіріліп, сатып алуға қолжетімді болады. Ғалым енді өнертабысының тиімділігін растау үшін Денсаулық сақтау министрлігімен, Дәрі-дәрмектердің ұлттық сараптама орталығымен және басқа да зертханалармен келіссөз жүргізбек. Оның айтуынша, тест ПТР-анализіне қарағанда арзан әрі қолжетімді болады. Болат Сұлтанқұлов жеті жылдан бері регенератив медицина саласындағы зерттеулермен айналысады. Назарбаев Университетінде PhD докторантурасын аяқтаған, ал бакалавриатты «Болашақ» бағдарламасы бойынша Ұлыбританиядағы Ноттингем университетінде тәмамдаған.

● АНЫҚ-ҚАНЫҚ

Бахила кию міндеттелмеген

Үйде ауырып жатқан науқасты қарауға келген жедел жәрдем дәрігерлерінің үйге аяқкиіммен кіретініне көп адам ренжіп, шағым айтып жатады. Қала тұрғындары дәрігерлердің тіпті бахила кимей кіретініне наразы. Лас аяқкиімді шешу немесе бахила киіп кіру соншалықты қиын ба?

Алматы қалалық Жедел жәрдем қызметі баспасөз қызметінің мәліметінше, ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің бірде-бір

нормативтік құқықтық актісі жедел жәрдем қызметкерлерін бахила киюге міндеттемеген. Олардың айтуынша, бахиланы киіп-шешу төтенше жағдайда уақыт алатын көрінеді. Сондай-ақ, бахила киген дәрігердің тайып құлап, жарақат алу қаупі бар делінген. Сондықтан гигиенаға аса мән беретін үй иелеріне жедел жәрдем шақырған кезде кілемдерін ысырып, еденге қағаз қоюға кеңес береді. Жедел жәрдем қызметі медициналық қызметкердің кәсіби қызметіне

кедергі келтіргені үшін азаматтарға әкімшілік және қылмыстық жауапкершілік қарастырылғанын еске салды.

**Әзірлеген
Айнұр НҮРСАБЕТ.**



● ӘЛЕМ ЖӘНЕ ПАНДЕМИЯ



Екпе алмағандар ақылы емделеді

АҚШ пандемия басталғалы бері алғаш рет шекарасын айқара ашты. Енді бұл мемлекетке бақандай 33 елден турист кіре алады. Саяхатшылар вакциналау куәлігін немесе ұшып келгенге дейін 72 сағат ішінде тапсырылған ПТР-тесттің теріс нәтижесін көрсетсе жетіп жатыр. Айтпақшы, елде алдағы аптада бастауыш мектептерде балаларға арналған вакциналау орталықтары ашылады.

ВЕНЕСУЭЛА дәрігерлері 2 жастан асқан балаларға ковид екпесін салып жатыр. Елде тұрғындардың 70%-ы екпе алған. Қарашаның соңына дейін бұл көрсеткішті 80%-ға жеткізуді көздеуде.

КАМБОДЖА болса 5 жасқа дейінгі балаларына вакцина салып жатыр. Оларға «Синовак» егілуде. Бұл мемлекетте 16 млн. халықтың 13 млн. 700 мыңдайы толық вакцина салдырған.

ИТАЛИЯ 5–11 жас аралығындағы балаларға вакцина салуды желтоқсанда бастамақ. 12–19 жас аралығындағы жеткіншектердің 70%-ы екпе алып үлгерген. Жергілікті денсаулық сақтау министрлігі елдегі балалардың 50%-ын иммундау қажет деп санайды. Мұнда коронавирус жұқтырғандардың 25%-ы бала екен.

ИЗРАИЛЬ де шетелдік саяхатшыларды қабылдай бастайды. Бірақ олар да ковидке қарсы екпе алған болуы керек. Ал вакцина салдырғандардың ковид-сертификаты жіті тексеруден өтеді. Тіпті, әуелгіде екпені үшінші қайтара салдырғандарға ғана рұқсат етпек болған. Алайда, әлем бойынша бустерлік доза алғандардың саны тым аз көрінеді. Сондықтан екі дозасын салдырғандарды кіргізіп жатыр, бірақ соңғы егілген екпенің уақыты жарты жылдан аспауы тиіс.

СИНГАПУР билігі вакцина салдырудан ерікті түрде бас тартқан азаматтарды олар ковидпен ауырып қалған жағдайда тегін емдемейтінін айтып отыр. Екпеден қашып отырғандардың үлесі аздау көрінеді. Дегенмен, індет жұқтырып ауруханаға түскен жағдайда олар ем-домына кететін қаражатты өз қалтасынан төлеуге міндетті. Ал жасы 12-ден төмен балалар мен медициналық қарсы көрсетілімі бар тұрғындар бюджет есебінен емделе береді.

СЕРБИЯ президенті Александр Вучич ковидке қарсы екпенің үшінші дозасын салдырды. Осылайша ол халқын вакцина салдыруға шақырды. Осы орайда айта кетсек, 7 млн. тұрғыны бар Сербияда халықтың 35%-дан астамы ғана егіліпті.

**Әзірлеген
Нұр ЖАМАЛ.**

● КЕРЕК КЕҢЕС

Денім сау болсын десең...

Кепкен жемістерден дайындалған сусындар да дәрумендерге бай. Сондай-ақ, мейіз, жаңғақтардан жасалған қоспалар, теңіз өнімдері, зәйтүн майы, бөдене жұмыртқасы, лимон және бал (аллергия болмаған жағдайда) қосылған шәй ағзаның қорғаныс қабілетін арттырады.

Иммунитетті шөптерден жасалған түрлі тұнбалар мен қайнатпалардың көмегімен, сондай-ақ жылы ванна қабылдау арқылы көтеруге болады. Бірақ аллергиялық реакциялардың болмауын жіті бақылау қажет. Бұлар күнгірт қызыл күрең, ошаған, тіршілік тамыры, шайқурай, сарбұрау және жөке ағашының гүлдері.

Иммунитетті көтеру үшін жеміс-жидек қосылған шәйлерді пайдаланумен қатар зімбір, таңқурай қосылған сусындар және жаңа сығылған сәбіз шырынын айтуға болады. Қазіргі таңда адамдар судың ағза үшін өте маңыздылығын және салмағына қарай орташа күніне кем дегенде 1,5–2 литр су ішу қажеттілігі туралы жақсы біледі. Сондай-ақ, асқазан-ішек ауруларын емдеу мен



иммунитетті көтеруге ұлттық сусындарымыздың, әсіресе қымыз, шұбат, саумалдың пайдасы өте зор. Бұл сусындар тек зат алмасу процесін жақсартып қана қоймай, түрлі ауруларға ем болып саналады. Бұл ұлттық сусындарды қолданар алдында созылмалы және аллергиялық реакциясы бар адамдар дәрігермен кеңесіп алғаны жөн.

Дене қозғалысымен айналысу. Таза ауада, көшеде серуендеу. Ал үнемі кеңседе жұмыс жасайтындар үшін жұмыс орнында үзілістерде дене шынықтыру жаттығуларымен айналысқаны дұрыс.

**Әзірлеген
А.ҒАЛЫМҒАЗЫҚЫЗЫ.**



XX ғасырда ғылым адамдары мен эзотериктер айнаның арғы бетінің бізден жасырып келген көптеген құпияларын әңгімелеп бере алды. Үйдегі айна жай ғана тұрмыстық зат емес, ол – сонымен бірге басқа өмірге есік те. Оны ашу-ашпау – өз еркіңізде. Айнаны сындыруға және сыйлыққа алуға болмайды. Айнадан кешегі мен бүгінгі көруге болады. Сүйікті адамыңды өзіңе қарату немесе дұшпаннан кек алуда да оның көмегі зор.

Әйнек айналар біздің дәуіріміздің I ғасырында пайда болған және әдеттегі тұтыну затына айналмас бұрын ұзақ жолдан өткен. Магиялық рәсімдердің тікелей атрибуты болып табылғандықтан да Орта ғасырлар дәуірінде айнаны пайдалануға бүкіл әлемдік конфессиялар арқылы тыйым салынған. Сөйтіп, сол замандағы бойжеткендер өз түрін көру үшін суға немесе айнадай жалтыратылған металл подностарға қарауға мәжбүр болған. Жалпы, тек айнаға ғана емес, шағылысатын, айнаның қасиетіне ие заттардың барлығына мұқият болған абзал.

Кісі өлімінің немесе біреуге жасалған қастандықтың куәсі болған антикварлық құндылық үйге бақытсыздық, ауру мен кедейшілік алып келеді. Ал таза айна үйіңізге молшылық пен бақыт шақырады. Айнаның жады адам таңқаларлықтай. Ол құдды сорғыш сияқты, өзіне бір кездерде қараған адамдардың барлығының образын бойына сіңіріп алады. Олардың көңіл күйі, ойы, денсаулығының жағдайы бір рет белденген бойда айнада өмір бойы сақталып қалады. Сол себепті де, егер ол сізге өлер алдында ұзақ қиналған адамнан мұраға қалған болса, ондай айна үйге еш жақсылық алып келмейді.

Ондай үйлер үнемі «сырқаттанып» тұрады және ол сырқат тура осы антиквар бұйымның бұрынғы иесін өлім жағдайына жеткізген сырқатқа ұқсас болады. Оны білетін адамдар үйінде ешқашан антиквар бұйым ұстамайды. Өйткені, олардан лас әрі жағымсыз энергия тарайтынын сезеді.

Сол сияқты, өзгелер ұстаған айнаны да мүмкіндігінше пайдаланбаған абзал. Әсіресе, ол өте ескі айна болса. Сол сияқты, айналар бұрын әлдебір қоғамдық мекемелерде тұрған болуы мүмкін. Қалай болғанда да, өз үйіңізде тек өзіңіз ғана қарайтын айнаның болғаны абзал әрі ол жаңа айна болуы шарт.

Париж. 1853 жыл. Ерлі-зайыпты Ноэльдердің вилласы. Вилла қожайыны және туған күн иесі Филипп өзінің 30 жасқа толу құрметіне орай ұйымдастырылған салтанатқа шақырылған қонақтарды қарсы алуға дайындалып жатты. Мерейтой иесі салтанатты кештің соңғы дайындығын жасап жатқан қызметшілерге нұсқау берді. Дастархан басына шақыру сәтін күткен қонақтар топ-тобымен холлда шүйіркелісіп тұрған. Кенеттен вилланың екінші кабатынан әйелдің айқай салған даусы естілді. Әйелінің бөлмесіне жүгіріп барған Филипп оның еденде есінен танып құлап жатқанын көрді. Есін жиғызға қанша тырысқанымен ештеңе шыққан жоқ. Әйел жан тапсырып үлгеріпті. Сол мезетте ол 23 жаста еді. Денсаулығы да мықты-тұғын және ешқашан бір жерім ауырды деген адам емес болатын. Филипп полиция шақырды. «Қастандық жасалды» деп болжанған жерге келген полицейлер мәйіттен ешқандай да зорлық-зомбылық белгілерін таба алмаған. Бөлме ішіндегі жағдайдан да күдікті ештеңе байқалмаған. Полицейлердің назарын аударған жалғыз нәрсе – қызыл түсті сұйықтық құйылған бокал болған. Бірақ шараптан да, әйелдің қанынан да ешқандай улы заттар табылмаған. «Уланған» деген жорамал қате болып шыққан. Ал Лаураның күйеуі әйеліне «қастандық жасалды» деуден танабаған. Ол сондай-ақ, мұны сол күні кешке қонаққа келгендердің бірі істеді деп есептеген. Бірақ айғақ жеткіліксіз болғандықтан іс жабылған.

Әйелін жерлеген бойда Филипп өз бетімен тексеру жүргізе бастаған. Әйелінің өліміне ол өз достарынан, тіпті Лаураның ата-анасынан күдіктенген. Айыптыны бірнеше айлар бойы іздеген әрекеті еш нәти-



Ерте заманнан бері
айна мистикалық
күшке ие деп
есептеліп келген.
Айнаның теңдессіз
қасиетіне магтар мен
оқымысты ғалымдар
үлкен қызығушылық
танытумен болған.

сы таңертеңгі тамаққа түспейді. Леблан жалғыз өзі тамақтанып, жұмысына кіріседі. Енді бір мезетте Рене үй тұрғындарына талай жылдан бері таныс картинаға куә болады. Жап-жас әйел еденде жатады және одан ешқандай тіршілік белгісі байқалмайды. Оқиға орнына келген полицейлер Ренеге мұндай оқиғаның бұл вилла қабырғасында талай жылдан бері орын алып жүргенін әңгімелеп береді. Бірақ жұмбақ өлімнің себебін табуға шамалары жетпейді. Бақытсыздық сол бір бөлмеде ғана болып тұрған және тек әйелдер ғана қаза тауып келген. Өлімге себепкер болған жайт – жүректің тоқтап қалуы, миға қан құйылу.

Қарындасының қазасы туралы ойланған Леблан ол қайтыс болған бөлмеде тәулік бойы сенделіп жүретін болған. Уақыт өте келе Рене бөлменің айнадан көрінетін бөлігінде болған кезінде басының қатты ауыра бастайтынын аңғарған. Ол айнаның жақтауынан: «Луи Арпо. 1747 жыл» деген жазуды оқыған. Рене ескіден келе жатқан заттың тарихына қызығушылық танытып, көп айлар бойы оның тарихына зер салады. Тексеру жұмыстарының барысында 38 кісі өлімінің осы айнамен байланысты екендігі анықталады. Осылайша соған қараймын деп, 38 әйел қаза тап-

Айна



же бермей, әйелінің өліміне қатты қайғырған ол, ақырында жүйке аурулары ауруханасына түсіп қалады. Ал Лаураның өлімінің себебін дәрігерлер «миға қан құйылған» деп анықтаған. Ал оған не себеп болғаны ұзақ жылдар бойы жұмбақ күйінде қалып қойды.

Париж. Шамамен 40 жыл бұрын 23 жастағы Лаура қаза тапқан вилланың бірнеше қожайыны ауысып үлгерген және біртіндеп «қарғыс атқан жер» дақыртып иеленген. Соңғы он жылдықта белгісіз себептермен сол үйдің қабырғасында бірнеше жас әйел қайтыс болған.

1889 жыл. Жас ақын Рене Леблан Парижде француздың түкпірдегі бір қыстағынан келген. Зәулім сарайдай вилланың бағасын көріп, өз көзіне өзі сенбеген. Үй өзінің тиісті құнынан үш есе арзанға бағаланған. Сонымен, Рене үйді сатып алып қоныстанады және бір айдан кейін оған қарындасы Нэлли қонаққа келеді.

Күнде таңертең Рене таңғы алтыда тұрып, кофе ішіп алатын да серуенге кететін. Сағат 8-дер шамасында қайтып келіп, қарындасымен бірге тамақтанатын да одан кейін кабинетіне кіріп, шығармашылықпен айналысатын. Бірде Рененің қарында-

қан Луи Арпоның айнасы тәркіленді. Сөйтіп, 100 жылға жуық полиция қоймасында сақталады. Бірақ XX ғасырдың соңында әлдекі антиквар бұйымды қоймадан алып кетеді. Соған орай, 1997 жылдың 20 желтоқсанында Париж полициясы француз газеттерінің бетінде бүкіл антиквар әуесқойларына мәлімдеме жасайды. Онда «Луи Арпо, 1747 жыл» деген жазуы бар ескі айнаны сатып алу өмірге қауіпті екенін ескертеді.

Содан бері мистикалық айнадан еш хабар жоқ, бүгінде оның қайда екені де белгісіз. Айнаның адамдарды өлім жағдайына қалай жеткізгені жөнінде көптеген болжамдар бар. Бірақ негізгі ұйғарым «Луи Арпо кісіге жасалған қастандықтың немесе азапты өлімнің куәсі болған, алғашқы иелерінің бірінің энергетикасы мен қайғы-қасіреті өте күшті болғандығы сонша, олар айна бетінде мәңгілікке қалып қойған және келесі иелеріне әсер еткен» дегенге саяды.

Айна магиясына сенуге бола ма, жоқ па? Бірақ адамдардың айнаға қатысты оқиғалары мен біздің еркімізден тыс әрекет ететін заңдылықтар жүздеген жылдар бойы орын алып келе жатыр.

Айнаның үйдегі тұрған орны – назар аударуға тиісті негізгі мәселе. Ұйықтап жатқан кезде адамның қарсысында айнаның тұрмағаны абзал. Сол сияқты, төбеде де айнаның болмағаны жақсы. Себебі, жатын бөлме – адамға қорған болуға тиісті жер. Соған сәйкес, онда бәрі алақандағыдай айқын және шынайы болуы қажет. Ал айна бізді алдайды. Айна бізге мұнда тағы бір беймәлім кеңістік бар екендігін айтады. Айнадан тарайтын, шындық пен өтіріктің арасындағы осы бір құбылмалы жағдай ұйықтайтын кезде жайсыздық туғызады.

Айнаның үйде дұрыс орналасуы мен оны дұрыс пайдалану – көңіл күйдің дұрыс болуының кепілі. Мұндағы негізгі ережелер мынандай: айнаны жиі жуып тұру керек, әсіресе үйге жағымсыз адамдар келіп кеткеннен кейін. Ол сіздің басыңызды кесіп тастамай, бейнеңізді тұтастай көрсетіп тұруға тиіс. Айнаны жатын бөлмеге, сондай-ақ кіреберістерге есіктің қарсысына ірудің қажеті жоқ. Өйткені, ол үйге кіріп келе жатқан энергияны шағылыстырады.

Эзотериктер айнаның біздің әлеміміз бен арғы дүние арасындағы байланыс арнасы екендігіне сенімді. Сондықтан үйде біреу қайтыс болғанда айнаны ашық қалдыруға болмайды. Марқұмның рухы соған қарай ұмтылып, айнаның арғы бетінде адасып қалуы ықтимал. Осындай сенімнің күштілігі сонша, атеизм салтанат құрған кеңестік дәуірде де жоғары қызметте болған марқұмдармен Одақ үйлерінде өткен қоштасу кезінде айналардың беті міндетті түрде бүркеліп тасталатын. Өлген адамның жұқалтан денесі өте белсенді болады. Өйткені, оған ауыр. Ол өзінің қайтыс болғанын түсінбейді. Кейде мұнымен келіспейтін де жағдайлары болады. Кейде ажал аяқастынан келетіндіктен де адам өзінің не күйге түскенін ұқпай қалады. Жұқалтан дене өте күшейіп кетеді. Ол әуелі айна бетінде сәулеленеді де, сосын пәтерде қалып қояды. Егер ол адамның басқа дүниедегі жай-күйінің дұрыс болғанын қаласақ, оны айнада сәулелендіруге болмайды, ол өз ортасынан толықтай қара үзіп кетуге тиіс.

Айна адамның санасын өзгертеді және жердің ақпараттық өрісін қолжетімді етеді. Айнаның көмегімен ойды алыс жерлерге жеткізуге, болашаққа және өткен шаққа ой жүгіртуге болады. Айнаның магияда жүздеген жылдар бойы пайдаланылып келе жатқан қасиетін ғалымдар XX ғасырда дәлелдеді.

Біздің дәуірімізге дейін-ақ айналар іс жүзінде үлкен маңызға ие болған. Жауынгерлер айнаның сәулесімен бір-бірінің көзін қарықтырған. Және айнаны орнымен пайдалана білу жеңілдік кепілі болған. Бүгінде айна автокөліктерде, телескоптар мен басқа да көптеген механикалық қондырғыларда пайдаланылып жүр. Бірақ ең бастысы, мындаған жылдар бұрынғыдай, айна адамға денсаулығын, мүмкін, тіпті өмірін сақтауға көмектеседі.

Айнаның төңірегінде мистикалық түсінік көп. Айна дуаны қайтарып, жағымсыз энергияның бетін қайтара алады. Мысалы, айна кейіпте моншақтар бар, оны мойынға да, қолға да тағуға болады. Олар жағымсыз энергияны жолатпайды. Егер әлдекі әлдебір сәтте сізді дуаламақ немесе сиқырламақ болса, айна адамды энергетикалық тұрғыда қорғайды. Біреуге бағытталған жамандық қайтадан кері тарапқа қайтарылып, адам аурасына енеді. Егер де сырқат болсаңыз, өзіңіз туралы жағымсыз энергия қалдырмас үшін айнаға жөнсіз қарай бермеген жөн деп есептеледі. Бірақ физикалық жай-күйіңіздің қандай екендігіне қарамастан, ең бастысы, көңіліңіздің сергектігі мен айналаңызға деген позитивті рухты сақтағаныңыз жөн. Тіпті, аурудың өзін ризашылықпен қабылдауға болады. Ол – бар болғаны бойыңыздағы жағымсыз энергиялардың сыртқа шығуы ғана.

Айнаға үңіле отырып жастығыңыз бен жақсы көңіл күйіңізді, тыныштығыңызды жоғалтпау үшін бірнеше шартты сақтасаңыз жеткілікті. Яғни айнаның ар жағынан сізге кім қарап тұрса да – мейлі ол сіздің үнсіз «егізініз» немесе өзге әлемнің көшірмесі болса да, ең бастысы, оған үлкен құрметпен және махаббатпен қарасаңыз болғаны.

Дайындаған С.САҒЫМ.



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЙ.

«ҰШҚАН ҰЯ» жеңімпаздары анықталды



Динара
МҰРАТ

Кеше, 10 қарашада Алматы қаласы «Рухани жаңғыру жобалық кеңсесі» бастамасымен ұйымдастырылған «Ұшқан ұя» лонгрид марафонының жеңімпаздары анықталып, марапаттау рәсімі өтті.

Лонгрид – мультимедиа элементтерін: фотосуреттер, бейнелер, инфографика және басқаларын қолдана отырып, әртүрлі электронды ақпарат құралдарынан материалды оқуды қамтиды.

Жоба қазақ әдебиеті классиктерінің шығармалары мысалында жастардың бойында адамгершілік ұстанымдарды қалыптастыруға, отбасылық дәстүрлерге құрметпен қарауды тәрбиелеуге бағытталған.

«Ұшқан ұя» лонгрид марафоны Алматы қаласының шығармашыл студенттері мен жастары арасында өтіп, 3 кезеңнен тұрды.

1-кезең – қазақ әдебиетінің классик-

терінің бірін таңдап, оның ұшқан ұясы, тұлға болып қалыптасуына әсер еткен дәстүрлі отбасылық тәрбиесі мен құндылықтары баяндалған бір шығармасын лонгрид форматында ашу.

2-кезең – лонгрид тақырыбы бойынша эссе-пост жазу (100 сөзден кем емес), әлеуметтік желілерде жариялау (Instagram, Facebook) #дәстүр мен ғұрып, #отбасы құндылықтары, #сананың жаңғыруы, #модернизация сознания, #семейные ценности, #Ұшқан ұя, #Рухани жаңғыру хештектерін қою.

3-кезең – жеңімпаздар қазылар алқасының сараптамалық бағалауы арқылы анықталды. Қорытындылау кезінде паракшаға тіркелушілердің лайқтары мен пікірлері де ескерілген.

Нәтижесінде аталмыш байқауға 33 қатысушыдан 37 өтінім беріліп, 3 қатысушы жеңіске жетті. Олар – Шыңғыс Құрманбек,

Дана Құрманғали, Айнұр Аяпбергенова.

Жеңімпаздарға ақшалай сертификаттар мен дипломдар табысталды.



ТАЛҚЫЛАУ

ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕСТЕР ЖҰМЫСЫ Ұлттық баяндама жобасында сараланды



Динара
МҰРАТҚЫЗЫ

«Рухани жаңғыру» қазақстандық қоғамдық даму институтының Қоғамдық процестерді зерттеу орталығы Ақпарат және қоғамдық даму министрі А.Балаеваның қатысуымен «Қоғамдық кеңестер қызметі туралы Ұлттық баяндама» жобасының сараптамалық талқылауын өткізді.

Талқылауға ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің қызметкерлері, сарапшылар қауымдастығы мен үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері, барлық деңгейдегі қоғамдық кеңестердің белсенді мүшелері қатысты.

«Ұлттық баяндама сіз бен біздің ортақ жұмысымыздың нәтижелерін көрсетеді, сондықтан ол қоғамдық кеңестер жұмысының нәтижелері мен талдауын ғана емес, бар мәселелерді және оларды реттеу жөніндегі шараларды да көрсетуге тиіс», – деп атап өтті Аида Ғалымқызы өз сөзінде.

Министрдің айтуынша, анықталған мәселелерді шешу үшін әзірленген ұсынымдар жергілікті жерлерде дер кезінде іске асырылуға тиіс. Алғаш рет Ұлттық баяндама ел Президентінің назарына ұсынылады, сондықтан ол сапалы, толыққанды және объективті болуы керек.

Баяндаманы талқылау барысында белгілі

саясаттанушылар Андрей Чеботарев, Жұлдызай Ысқакова, Александр Братенковтар өз бақылаулары мен пікірлерін ортаға салды.

«Ұлттық баяндама жобасы республикадағы қоғамдық кеңестер институтының қалыптасуының негізгі кезеңдерін қамтиды, республикалық және жергілікті деңгейде жинақталған жұмыс тәжірибесін сипаттайды», – деді «Альтернатива» өзекті зерттеулер орталығының директоры Андрей Чеботарев.

Азаматтық қоғам атынан баяндаманың мазмұны жөнінде Бакытгүл Хамбар, Сергей Гуляев, Айдар Амребаев, Гүлнар Құрбанбаева, Марат Бәшімов, Балжан Досмұхамедова, Қайрат Жаңабеков сынды жетекші отандық сарапшылар өз пікірлері мен ұсыныстарын айтты.

Зерттеу жұмысы бүгінгі қалыптасқан саяси жағдайларда жұмыс істейтін тәсілдерді қалыптастыруға мүмкіндік беретін және Қазақстанда азаматтық қоғамды үдемелі дамыту шеңберінде қоғамдық кеңестер институтын жетілдіруге бағытталған проблемалық аймақтарды анықтау мен ұсынымдарды тұжырымдауға, қолда бар тәсілдерді қайта бағамдауға бағытталған.

Қоғамдық кеңестер туралы заңнаманың жаңа нормаларына сәйкес, Қоғамдық кеңестердің қызметі туралы Ұлттық баяндаманы дайындау және Мемлекет басшысына енгізу алғаш рет заңнамалық деңгейде бекітілді.

● ТІЛШІ ТАЛДАУЫ

Еліміздің ең ірі қаласы Алматыда тұрғын үйлердің бағасы қай жылдары қолжетімді болғанын еске түсірудің өзі қиын. Өйткені, мегаполисте қай кезде де еліміздің басқа қалаларымен салыстырғанда үй бағасы қымбат болатын. Жыл өткен сайын алып шаһардағы баспана бағасы тіпті шарықтап барады.



Айнұр
СЕНБАЕВА

Соңғы бір жылда емес, бір айда елімізде тұрғын үй бағасы 2%-ға қымбаттаған. Өзге өңірлерде жаңа үйлердің бағасы өссе, мегаполистерде пәтерді жалға алу құны қымбаттап кетті. Ұлттық статистика бюросының деректеріне сәйкес, қазан айының соңында жаңа пәтердің 1 шаршы метрі 352 654 теңгеге бағаланған. Бұған дейін ол 279 216 теңге болатын. Ал пәтерді жалдау ақысы бір шаршы метр үшін орта есеппен 1888 теңге тұрады. Жалпы, биыл жаңа пәтер құны 14,6%-ке, екінші сатылымдағы пәтер 23,7%-ке қымбаттады.

Тұрғын үй бағасының шарықтауын мамандар құрылыс материалдарының қымбаттауымен байланыстырады. Бағаның қашан тұрақталатынын ешкім дөп басып айта алмайды. Өйткені, үй салуға ең қажетті цемент, кірпіш, арматураның құны күнде құбылып тұр. Мамандар мұндай жағдай тек бізде ғана емес, әлемде де осындай дейді.

БАСПАНА БАҒАСЫ шарықтауына не себеп?



● САРАПШЫЛАР НЕ ДЕЙДІ?

Арман МӘМБЕТАЕВ,
«Атамекен» ҰКП
басқарма төрағасының
орынбасары:

Әр құрылыс материалының қымбаттауының өзіндік себептері бар. Мысалы, арматура, металдан жасалған профильдердің бағасы екі есе шарықтап кетті. Лондондағы металдар биржасы деген бар, халықаралық баға соған тікелей байланысты. Сол жақта да металдың бағасы екі есе шарықтап кеткен. Оның үстіне құрылыс материалдарын өндіруде өз елімізде шешілмеген мәселе көп. Дайын өнімді тұтынушыға жеткізу жағы да ақсап тұр. Елімізде электр қуатының қымбаттауы да кәсіпкерлерге салмақ салды. Өйткені, цемент өндірісі электр қуатына тікелей тәуелді. Осындай факторлар бағаның аспанғап кетуіне себеп болды.

Сандұғаш ҚАДЫРБАЕВА,
риэлтор:

– Ең алдымен, үй бағасының өсуіне елдегі жалпы экономикалық жағдай әсер етеді. Егер экономика тұрақты болса, ұсыныс пен сұраныстың арасында айтарлықтай алшақтық болмайды. Сондай-ақ, баспана бағасының көтерілуіне еліміздегі зейнетақы кампаниясы, мемлекеттік қолжетімді ипотекалық бағдарламалар да әсер етті. Бұдан бөлек, мегаполистерде үйдің қымбат болуының басқа да себептері жетерлік. Айталық, үйдің орналасқан жері, кеңдігі, қабаты, жобасы, бөлмелерінің оқшау болуы, балконның ыңғайлылығы, барлығы бағаға әсер етеді. Тіпті, үй заманға сай керемет жөндеуден өтпеген болса да, тұрғын үйдің локациясы жақсы болса, оның бағасы 30% қымбат болады. Демек, ең 1-орында адамдар үшін үйдің орналасқан ауданы мен кеңдігі маңызды. Үй алушылар ауданның инфрақұрылымына ерекше мән береді. Әсіресе, жас отбасылар үйіне жақын маңда балабақша, мектеп, үйірмелердің болғанын қалайды. Ал егделу адамдар емханалар мен дәріханалардың жақын болуын күп көреді. Тұрғындар үшін көлік жақсы жүретін аудандар маңызды. Сауда орындары, дүкендер үй бағасына қатты әсер ете қоймаса да, үйдің жылдам сатылуына себеп болады. Қазір метро станциясына жақын үйлерге деген сұраныс артып келеді.

Нұржан СӘДУАҚАСҰЛЫ,
заңгер:

– Үй алмас бұрын Алматының жылжымайтын мүлік нарығын біраз зерттедім. Әрине, тұрғын үй қала орталығына қаншалықты жақын болған сайын соншалықты қымбат. Өйткені, қаланың орталық аудандарындағы үйлерге сұраныс жоғары. Мысалы, Алатау, Түркісіб аудандары баға жағынан ең төменгі рейтингте. Одан кейін Наурызбай, Жетісу аудандары мен Медеу ауданының төменгі жағы, Әуезов ауданында үй бағасы қымбаттай түседі. Алмалы, Бостандық және Медеу ауданының жоғары жағындағы үйлерге сұраныс өте жоғары. Ең қымбат аумақ – Достық даңғылының бойындағы «алтын квадрат». Одан кейін сұраныс жоғары аудандар – Қазігу-град пен «Мега», «Атакент» маңы, 3-орында – Сәтбаев–Т.Өзал, Розыбакиев көшелеріндегі жаңа үйлер. Сұраныс жоғары болған сайын бағаның көтерілетіні түсінікті ғой. Бәріміз қалтамызға қарай қолжетімді үй іздейміз. Менің байқағаным, үй сатушылар үй бағасы қымбаттайды деген ақпаратты ести сала бағаларын жөнсіз көтере береді. Үй іздеп жүгенде бірнеше үйді көруге бардым, үй иелерімен бағасына келісіп, ойлануға мұрат сұрап кетеміз ғой. Ертенінде әлгі адам үйін бірнеше миллионға қымбаттатып, сайттағы бағасын көтеріп қояды. Қайта хабарласып, «кеше үйіңіздің бағасын басқаша айтып едіңіз, бүгін көтеріп қойыпсыз ғой» десем, «біздің аудандағы тура менікіндей үйлер қымбат екен, солармен салыстырып көтеріп қойдым» деп қарап тұрады. Сондықтан мегаполистегі баспана бағасын тұрақтандыру өте қиын.

БАҒАҒА ӘСЕР ЕТЕТІН ФАКТОРЛАР:

- тұрғын үйге сұраныстың жоғары болуы;
- доллар бағамы;
- ипотека бағдарламаларының көбеюі;
- зейнетақы жинағын пайдалану;
- халықтың қалаға көшуге деген ынтасы.

P.S.

Алматыда күні бүгінге дейін сұраныс артпаса, кеміген емес. Сондықтан үй арзандайды деп күтудің мәні жоқ. Өйткені, жаңа үйлердің салына бастаған кездегі бағасы үй салынып біткенше бірнеше пайызға өсіп кетеді. Мүмкіндігі бар адамдар жаңа салынып жатқан үйден пәтер алып, біраз уақыттан кейін сол пәтерге ешқандай жөндеу жұмыстарын жүргізбестен бірнеше миллионға қымбат сатып пайда көреді. Ал пәтерді ипотекаға алатындар көбінесе жөндеу жұмыстарын қажет етпейтін дайын үйлерді алуға тырысады. Өйткені, пәтерді жөндеудің өзі қалтаға үлкен салмақ. Сондықтан жаңа үйлердің де, қайталама нарықтағы үйлердің де өз алушылары бар.

ҚАЗАҚСТАН
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ

30 ЖЫЛ

Төрехан
ДАНИЯРОВ

ЖАСАМПАЗДЫҚ ЖОЛЫ:

Біз тығырықтан шығар жолдың саңылауы да көрінбейтін қиын күндерден қақтығыс пен қантөгіске ұрынбай аман шығып, ешкімге есемізді жібермей, жаңа сипаттағы Қазақ мемлекетін құрдық. Бүгінгі және болашақ ұрпақ мұны әрдайым біліп отыруы керек.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

ӨНІРЛІК БЕЙБІТШІЛІК ПЕН
ҚАУІПСІЗДІКТІҢ ШЕШУШІ ФАКТОРЫ

2018 жылдың қаңтар айынан Қазақстан БҰҰ-ның Қауіпсіздік Кеңесіне төрағалыққа кірісті. Саяси аренадағы салықалы келіссөздер нәтижесінде Каспийдің құқықтық мәртебесі бекітіліп, Елорда төрінде Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезі табысты өтті. Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың қаңтардағы АҚШ-қа сапарына айрықша маңыз бергеніміз жөн. Елбасы Вашингтонға сапарында Дональд Трамппен кездесті. Дональд Трамп АҚШ тарапы Қазақстанды Орталық Азия өңіріндегі болашағы зор, стратегиялық әріптес деп есептейтіндігін, сонымен бірге өнірлік бейбітшілік пен қауіпсіздіктің шешуші факторы ретінде бағалайтынын жеткізді.

АҚШ-қа ресми сапар аясында авиация және ғарыштық зерттеулер, мұнай химиясы және ауыл шаруашылығы, сондай-ақ инфрақұрылымды дамыту саласындағы жобаларды жүзеге асы-

руға бағытталған 7 миллиард долларға жуық қаржы көлеміндегі инвестиция және сауда-экономикалық ынтымақтастық туралы 20-дан астам коммерциялық құжатқа қол қойылып, 3 үкіметаралық келісім жасалды.

23.40	«Основано на реальных событиях». «Ванга».

	Пророчество для Зеленского».
	3-я серия.
0.30	«Сегодня».
0.45	«Поздняков».
1.00	Кипилл Кяро, Маруся Зыкова, Александр Робак, Диана Пожарская в остросюжетном сериале «ЖИВОЙ»
	13-я и 14-я серии.
3.05	Павел Майков, Сергей Юшкевич, Борис Хвощнянский, Максим Фомин в остросюжетном сериале «ГОНЧИЕ-6».
	«Ящик Пандоры».
4.50	«Прокруцорская проверка».

БЕЙСЕНБІ
18 ҚАРАША

ПЕРВЫЙ КАНАЛ

2.00	Телеканал «Доброе утро» (6+)
5.00	Новости
5.05	Телеканал «Доброе утро» (6+)
6.15	«Пусть говорят» (16+)
7.15	«Жить здорово!» (16+)
8.05	«Модный приговор» (6+)
9.00	Новости
9.25	«Время покажет» (16+)
12.00	Новости (с субтитрами)
12.30	«Давай, поженимся!» (16+)
13.15	«Мужское / Женское» (16+)
14.05	«Время покажет» с Артемом Шейниным (16+)
15.00	Вечерние новости (с субтитрами)
15.40	«На самом деле» (16+)
16.50	«Пусть говорят» (16+)
18.00	«Время»
18.30	Премьера. «Мосгаз. Дело №8: Западня» (16+)
19.20	«Большая игра» (16+)
20.10	«Вечерний Ургант» (16+)
20.45	«Мата Хари». Многосерийный фильм (16+)
21.35	«Время покажет» (16+)
0.00	Новости
0.05	«Время покажет» (16+)
0.50	«Мужское / Женское» (16+)



НТВ-МИР

6.00	«Утро. Самое лучшее».
7.25	«Чрезвычайное происшествие».
8.00	«Сегодня».
8.25	Владислав Котлярский, Николай Козак, Степан Рожнов, Дмитрий Блажко в детективном сериале «КАРПОВ. СЕЗОН ТРЕТИЙ». «Отец и дети», «Хороший человек» (начало).
10.00	«Сегодня».
10.25	Сериал. «КАРПОВ. СЕЗОН ТРЕТИЙ» 32-я серия (продолжение), «Хороший человек» (заключительная серия).
10.50	«Карпов. Финал».
11.45	«Ванга возвращается! Секретный архив прорицательницы».
13.00	«Сегодня».
13.25	«Чрезвычайное происшествие».
14.00	«Место встречи».
16.00	«Сегодня».
16.30	«За гранью».
17.35	«ДНК».
18.40	Сергей Гузеев, Анна Роскошная, Сергей Селин, Ольга Остроумова в детективном сериале «ГЛАЗА В ГЛАЗА» 37-я серия (начало).
19.00	«Сегодня».
19.45	Сериал. «ГЛАЗА В ГЛАЗА». 37-я серия (продолжение), 38-я серия.
21.35	Гоша Куценко, Екатерина Волкова, Марина Доможирова, Александр Тютин в сериале «СКОРАЯ ПОМОЩЬ-3» 7-я и 8-я серии.
23.40	«Основано на реальных событиях». «Ванга. Пророчество для Зеленского» 4-я серия.
0.30	«Сегодня».
0.40	«ЧП. Расследование».
1.15	«Захар Прилепин. Уроки русского».
1.45	Кипилл Кяро, Маруся Зыкова, Александр Робак, Диана Пожарская в остросюжетном сериале «ЖИВОЙ». 15-я серия 16-я серия (заключительная).
3.45	Павел Майков, Сергей Юшкевич, Борис Хвощнянский, Максим Фомин в остросюжетном сериале «ГОНЧИЕ-6». «Ящик Пандоры» (заключительная серия).
5.25	«Александр Журбин. Мелодии на память».

ЖҰМА
19 ҚАРАША

ПЕРВЫЙ КАНАЛ

2.00	Телеканал «Доброе утро» (6+)
5.00	Новости

5.05	Телеканал «Доброе утро» (6+)
6.15	«Пусть говорят» (16+)
7.15	«Жить здорово!» (16+)
8.05	«Модный приговор» (6+)
9.00	Новости
9.25	«Время покажет» (16+)
12.00	Новости (с субтитрами)
12.30	«Давай, поженимся!» (16+)
13.15	«Мужское / Женское» (16+)
14.05	«Время покажет» с Артемом Шейниным (16+)
15.00	Вечерние новости (с субтитрами)
15.40	«Человек и закон» с Алексеем Пимановым (16+)
16.50	«Поле чудес» (16+)
18.00	«Время»
18.30	Шоу Максима Галкина «Лучше всех!». Новый сезон (6+)
19.55	«Вечерний Ургант» (16+)
20.40	Премьера. Документальный фильм «Мир глазами группы Radiohead» (16+)
21.35	Сергей Маковецкий, Никита Михалков, Сергей Гармаш, Валентин Гафт, Юрий Стоянов в фильме «12» (16+)
0.15	Николай Ерёменко (мл.), Арни Лицитис, Армен Джигарханян, Екатерина Стриженова в фильме «Снайпер» (16+)
2.00	«Наедине со всеми» (16+)



НТВ-МИР

6.00	«Утро. Самое лучшее».
7.25	«Чрезвычайное происшествие».
8.00	«Сегодня».
8.25	Вадим Колганов, Анна Казючич, Сергей Селин, Александр Баширов в остросюжетном сериале «ДЕЛЬТА». «Путь в Дельту» (начало).
10.00	«Сегодня».
10.25	Сериал. «ДЕЛЬТА». «Путь в Дельту» (продолжение), «Отец».
13.00	«Сегодня».
13.25	«Чрезвычайное происшествие».
14.00	«Место встречи».
16.00	«Сегодня».
16.30	Премьера. «Мои университеты. Будущее за настоящим».
17.30	«Жди меня».
18.25	Сергей Гузеев, Анна Роскошная, Сергей Селин, Ольга Остроумова в детективном сериале «ГЛАЗА В ГЛАЗА» 39-я серия (начало).
19.00	«Сегодня».
19.45	Сериал. «ГЛАЗА В ГЛАЗА» 39-я серия (продолжение), 40-я серия.
21.20	Гоша Куценко, Екатерина Волкова, Марина Доможирова, Александр Тютин в сериале «СКОРАЯ ПОМОЩЬ-3» 9-я и 10-я серии.
23.25	«Своя правда» с Романом Бабаианом.
1.20	«Мы и наука».
2.20	Сергей Цепов, Денис Шевченко, Андрей Фесков, Илья Исаев, Хельга Филипова в остросюжетном сериале «ГОСУДАРСТВЕННАЯ ЗАЩИТА».
5.40	«Любой ценой».
	«Эксклюзив».

СЕНБІ
20 ҚАРАША

ПЕРВЫЙ КАНАЛ

3.00	Телеканал «Доброе утро. Суббота» (6+)
6.05	«Умницы и умники» (12+)
6.45	«Слово пастыря» (6+)
7.00	Новости
7.30	К 75-летию Патриарха Кирилла. Премьера. «Ничего не бойся, кроме Бога» (6+)
8.25	«Видели видео?» (6+)
9.00	Новости
9.15	«Видели видео?» (6+)
10.45	Документальный фильм «Азнавур глазами Шарля» (16+)
12.00	Людмила Гурченко, Лия Ахеджакова, Ирина Купченко, Светлана Крючкова, Николай Фоменко в фильме Эльдара Рязанова «Старые клячи» (12+)
14.15	«Кто хочет стать миллионером?» с Дмитрием Дибровым (12+)
15.10	«Ледниковый период». Новый сезон (6+)
18.00	«Время»
18.20	«Сегодня вечером» (16+)
19.50	Павел Прилучный, Анна Старшенбаум, Алексей Чадов, Алексей Воробьев в фильме «Любовь с ограничениями» (16+)
21.35	Алексей Серебряков, Даниэль Ольбрыхский, Полина Агуреева, Светлана Немоляева, Ольга Остроумова в фильме «Ван Гоги» (16+)
23.15	Михаил Глузский, Андрей Мартынов, Николай Гринько в фильме «Здесь твой фронт» (16+)
0.35	«Наедине со всеми» (16+)
1.15	«Модный приговор» (16+)
2.05	«Давай, поженимся!» (16+)



НТВ-МИР

6.10	Владимир Фекленко, Светлана Брюханова, Алексей Моисеев, Александр Воеводин в детективном сериале «МУХТАР. НОВЫЙ СЛЕД». «Первая машина», «Испуганная кошка».
8.00	«Сегодня».
8.20	«Смотр».
8.55	«Поедем, поедим!»
9.35	«Готовим с Алексеем Зиминным».
10.00	Эдуард Флёров, Александра Комиссарова, Руслан Корнеков, Антон Филипенко в сериале «АГЕНТСТВО СКРЫТЫХ КАМЕР».
10.20	«Охранник», «Заботливый брат».
11.35	«Главная дорога».
12.15	«Живая еда» с Сергеем Малозёмовым».
13.10	«Квартирный вопрос».
14.15	«Своя игра».
16.00	«Сегодня».
16.20	«Следствие вели...»
18.05	«По следу монстра».
19.00	«Центральное телевидение» с Вадимом Тахменёвым.
20.25	Премьера. «Шоумаскогон».
22.40	«Ты не поверишь!»
23.40	«Международная пилорама» с Тиграном Кеосаяном.
0.25	«Квартирник НТВ у Маргулиса».
1.45	Сергей Цепов, Денис Шевченко, Андрей Феськов, Илья Исаев, Хельга Филипова в остросюжетном сериале «ГОСУДАРСТВЕННАЯ ЗАЩИТА». «Матрёшка».
5.10	«Прокурорская проверка».

ЖЕКСЕНБІ
21 ҚАРАША

ПЕРВЫЙ КАНАЛ

3.00	Новости
3.10	Василий Лановой, Георгий Юматов в фильме «Огарёва, 6» (12+)
4.40	«Играй, гармонь любимая!» (12+)
5.15	«Часовой» (12+)
5.45	«Здоровье» (16+)
6.40	«Непутёвые заметки» с Дм. Крыловым (12+)
7.00	Новости
7.25	Жанна Бадоева в проекте-путешествии «Жизнь других» (12+)
8.15	«Видели видео?» (6+)
9.00	Новости
9.10	«Видели видео?» (6+)
10.25	«Снежная Королева-3: Огонь и лёд». Анимационный фильм (6+)
11.55	Премьера. «Детский КВН» (6+)
12.50	К юбилею Клуба Веселых и Находчивых. Премьера. «60 лучших» (16+)
15.00	Премьера. «Две звезды. Отцы и дети» (12+)
16.35	Шоу Максима Галкина «Лучше всех!». Новый сезон (0+)
18.00	«Время»
19.00	Премьера. Дмитрий Назаров, Дмитрий Дюжев, Евгений Дятлов, Александр Лазарев в фильме «Тобол» (16+)
20.50	Владимир Познер и Иван Ургант

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай, Алматы қаласы әкімінің «Алматы – Тәуелсіздіктің алтын бесігі» атты грантына әдеби байқаудың ЕРЕЖЕСІ

• БАЙҚАУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫ

Алматы қаласы әкімдігі,
Қазақстан Жазушылар одағы.

• БАЙҚАУДЫҢ МАҚСАТЫ

- Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерейтойына орай, тәуелсіздігімізді дәріптеу, абыройын асқақтау, тарихқа үнілу, тағзым ету;
- Тәуелсіздігіміздің куәгері, ел тарихының бастауы және алтын қазығы болған Алматының бүгінгі болмысын көрсету үшін аға буын қаламгерлер мен жастарды осы байқауға тарту.
- қазақ әдебиетінің қазіргі әлеуетін байқатып, жастардың шығармашылығын таныту;

•БАЙҚАУДЫҢ ӨТЕТІН УАҚЫТЫ

- Байқауға өтініштерді қабылдау жарияланған күннен 26 қараша 2021 жылға дейін жүргізіледі.
- Қабылданған жұмыстардың ішінен сарапшылар шешімімен іріктелгендері келесі кезеңге өтеді.

• БАЙҚАУҒА ҚАТЫСУШЫЛАР

- Ел руханияты мен қазақ әдебиетіне өз үлесін қосып жүрген барлық қаламгерлер қатыса алады. (Жасқа шектеу қойылмайды).

• БАЙҚАУДЫҢ ЕРЕЖЕСІ

- Байқауға қатысушылар «Алматы – Тәуелсіздіктің алтын бесігі» атты ортақ тақырыпта әдеби жанрларға байланысты төмендегідей аталым бойынша бақ сынайды:

1. Поэзия;
2. Проза;
3. Балалар әдебиеті (поэзия немесе проза);
4. Драматургия.

□ ПОЭЗИЯ АТАЛЫМЫ БОЙЫНША

- Үміткерлер байқауға екі өлеңімен қатысады:
- Тақырыпқа байланысты бір өлең;
- Еркін тақырыптағы өлеңі.
- **Қатысушыға қойылатын талаптар:**
- Байқауға қатысушы берілген тақырып бойынша өзінің бір арнау өлеңімен және еркін тақырыптағы бір өлеңімен қатысады;
- Өлеңнің көлемі 3 беттен аспау керек (А4 форматында);
- Өлеңнің көркемдігіне, тақырыпты ашуына, ой ұшқырлығына басты назар аударылады;
- Өлең Microsoft Word түрінде (Times New Roman 14) жазылып jazushylar_odagy@mail.ru эл.поштасына жіберілуі керек.

□ ПРОЗА АТАЛЫМЫ БОЙЫНША

- Қатысушылар берілген тақырып бойынша прозалық шығарма жазады.
- Жұмыстың көлемі 10 беттен аспауы керек.
- **Қатысушыға қойылатын талаптар:**
- Әдеби жанрға тән қалыптарды сақтап, көркем мәтінде тақырыпты ашу;
- Байқауға қатысушылар еліміздің бүгінгі тыныс-тіршілігі мен отыз жыл ішіндегі өмірін суреттеген прозалық әңгімелерін жолдай алады. Сондай-ақ, Қазақстан тарихын арқау еткен әңгімелер де қабылданады;
- Шығарма Microsoft Word түрінде (Times New Roman 14) жазылып jazushylar_odagy@mail.ru эл.поштасына жіберілуі керек.

□ БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІ АТАЛЫМЫ БОЙЫНША

- Қатысушылар берілген тақырып бойынша проза немесе поэзия аталымдары бойынша балаларға арналған шығармаларын ұсынады.

□ **Қатысушыға қойылатын талаптар:**

- Әдеби жанрға сай ерекшеліктерді сақтай отырып, көркем мәтінде тақырыпты ашу;
- Жазылған жұмыстың көлемі 5 беттен аспауы керек (А4 форматында);
- Шығарманың желісі тәуелсіздікпен байланысты болуы шарт;
- Шығарма Microsoft Word түрінде (Times New Roman 14) jazushylar_odagy@mail.ru эл.поштасына жіберілуі керек.

□ ДРАМА АТАЛЫМЫ БОЙЫНША

- Үміткер берілген тақырып бойынша драмалық шығармасын ұсынады.
- Қатысушыға қойылатын талаптар:
- Қатысушылар аталған тақырыптық идеяның негізінде өз шығармаларын ұсынады;
- Драмалық шығарма I актылы немесе II актылы бола береді;
- Шығарма Microsoft Word түрінде (Times New Roman 14) jazushylar_odagy@mail.ru эл.поштаға жіберілуі керек.

- Жоғарыда аталған аталымдар бойынша жіберілген жұмыстарды арнайы тағайындалған сарапшылар тексеруден өткізіп, үздік деп танылған жұмыстар қорытынды жиында марапатталады.

Әр жанрды сараптаушылар 3 адамнан. Жалпы саны 12 адам. (Жабық түрде).

• БАЙҚАУДЫҢ МАРАПАТТАУ КЕЗЕҢІ

- Байқауға қатысушыларды марапаттау кеші Алматы қаласы әкімдігінің және Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының ұйымдастыруымен өткізіледі.
- Марапаттау кешіне елімізге белгілі әдебиет өкілдері мен қоғам қайраткерлері қатысады;
- Әр номинация бойынша бір ғана жеңімпаз анықталады;
- Әр аталым бойынша тағайындалған қазылардың шешімімен анықталған үздік жұмыстар республика көлемінде дәріптеледі. (БАҚ-да, Теле бағдарламаларда).

• БАЙҚАУҒА ҚАТЫСУ ШАРТТАРЫ

- Байқауға қатысушылар жазылған жұмысымен бірге төменде көрсетілген (1-қосымша) үлгі бойынша өтініштерін толтырып, өзінің аталымы бойынша электронды мекенжайға жібереді.

1-қосымша

Өтініш беру үлгісі	
Қатысушының аты-жөні	
Қатысушының аталымы, шығармасының атауы	
Туған жылы, айы, күні	
Мекенжайы, (облыс, қала, аудан, ауыл)	
Электронды мекенжайы	
Байланыс номері	

Ескерту! Өтініштің қате толтырылғандығы үшін ұйымдастырушылар жауап бермейді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл – әрбір азаматтың міндеті

Қазіргі кезде сыбайлас жемқорлық әлемнің кез келген елінде оның саяси дамуына байланыссыз, оның ішінде Қазақстанда да, әлеуметтік құбылыс ретінде өмірін жалғастырып келеді, ол тек ауқымдылығымен ғана ерекшеленеді. Сыбайлас жемқорлық әлеуметтік-экономикалық даму үдерісін, нарықтық экономиканың құрылуын, инвестициялар тарту процесін тежейді. Демократиялық мемлекеттің саяси және қоғамдық институттарына кері әсерін тигізеді, елдің болашақ дамуына елеулі қауіп төндіреді.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының негізгі басымдықтарының бірі сыбайлас жемқорлықпен күрес болып табылады.

«Коррупция» термині латын тілінің «corruptere» деген сөзінен шығып, мағынасы жағынан «мемлекет организмін, қоғамдық қарым-қатынастарды бұзу» дегенді білдіреді, «параға сатып алу» терминімен сәйкес, яғни лауазымды тұлғаның өз билігі өкілеттігі мен сеніп тапсырылған құқығын заңға және моральдық нормаларға қайшы келетін өтірік айту, бопсалаушылық, сөзбұйда жасау жолдарымен жеке бас пайдасы үшін пайдалануы. Көбіне бұл термин бюрократиялық аппаратқа және саяси элитаға қатысты жиі қолданылады. Осыған сай, термин әдетте бастапқы латын сөзінің бірінші мағынасынан шығатын кең мағынаға ие, әдепсіздік тәртіпті білдіреді.

Жемқорлықты жеңу Қазақстан үшін Тұңғыш Президент Н.Ә.Назарбаевтың нақты белгілеген мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарының бірі болып табылады. Сол себепті, Елбасы өзінің «Қазақстан – 2050» стратегиясында дамыған мемлекеттің жаңа саяси басымдықтарының бірі ретінде сыбайлас жемқорлықпен күресті атап көрсетті.

Қоғамның қабылеттілігі, оның ішінде біздің жастарды бақылау, мемлекеттік шенеуніктердің жемқорлық әрекеттерін анықтау және болдырмау жергілікті мәселелерді зерттеудің аркасында артады. Сыбайлас жемқорлықпен күресу үшін қоғамның барлық жігінің жүйелі түрдегі күш-жігері қажет.

Сыбайлас жемқорлықтың қоғамға тек зия-

нын тигізіп қоймай, сонымен бірге оң нәтижеге жеткізбейтінін естен шығармауымыз қажет! Өйткені, сыбайлас жемқорлық тәсімінде параны көбірек беруші ғана жеңіске жетеді. Бір қорқыныштысы – сыбайлас жемқорлықпен айналысу сол тұлға мен оның жақындарының сана-сезіміне залал келтіріп, дүниетанымдарын бұзады.

Қазіргі заманғы әлемде сыбайлас жемқорлықпен күресуді күшейту жұмысы үздіксіз жүргізілуде және әрдайым жетілдірілу үстінде. Әлемде сыбайлас жемқорлықпен күресу механизмінің барлық елдерге тиімді болатын бірегей жинағы жоқ. Әрбір мемлекет қолданатын сыбайлас жемқорлықпен күресу әдістерінің жиынтығы өзгеше, ол елдің саяси және экономикалық тұрақтылығына ғана емес, сонымен қатар әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрлеріне, діни ерекшелігі мен құқықтық мәдениет деңгейіне және аумағы бойынша алатын жеріне, халқының саны мен орналасу тығыздығына да байланысты болып келеді.

Стратегияның мақсаты – мемлекеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының тиімділігін арттыру және сыбайлас жемқорлыққа қарсы қозғалысқа кез келген жемқорлықтың туындауына «нөлдік» төзімділік таныту атмосферасын құру жолын қолдану арқылы барлық қоғамды тарту, сондай-ақ Қазақстанда сыбайлас жемқорлық деңгейін төмендету болып табылады.

Сондықтан сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрбір орган жұмысының негізгі бағыты мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыру болып табылады, өйткені бүгінде азаматтардың мемлекеттік органдармен жасайтын кез келген қарым-қатынасы, бір жағынан, сыбайластықтан құрылған қызмет түрін қабылдаумен байланысты.

Сыбайлас жемқорлыққа деген төзбеушілік әрбір азаматтың ұстанымына, мінез-құлық нормасына айналу керек екеніне нық сенімдіміз.

К.ЖҮБАНЫШЕВА,
Алматы бөлімшелік көліктегі санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бөлім басшысы.

Интернет алаяқтары көбейді



Динара
МҰРАТ

Полиция департаменті Алматы қаласының аумағында «Hi-Tech» жедел алдын алу іс-шараларын өткізуде. 8-інен басталған іс-шара 14 қарашаға дейін жүргізіледі.

«Интернеттің танымалдылығы артып, барлық қажетті қызметтердің цифрлануымен желідегі алаяқтықтың әдістері мен түрлері, сондай-ақ, ақпараттық байланыс желілерін пайдаланатын ұрлық соңғы уақыттары көбейіп кетті. Осыған байланысты біз азаматтарды қылмыстардың көбейіп жатқанымен ескертіп, интернет-алаықтық және онлайн қызметтерді пайдалану, сондай-ақ, интернет арқылы тауар сатып алу кезінде абай болуға шақырамыз», – деді Алматы қалалық Полиция департаменті бастығының орынбасары, полиция полковнигі Берік Әбілбеков.

Алаяқтардың арбауына түспес үшін полиция мыналарды ескертеді:

1. Ешкімге банк картаныздың деректерін, сондай-ақ, жеке куәлігіңізді (жеке куәлігіңіздің суреті, банк картаныздың суреті, картаның артқы жағындағы үш таңбалы CVV кодты) бермеңіз.
2. Интернетте сатып алынған тауарға алдын ала төлем салмаңыз, тауарды сатып алмас бұрын интернет-дүкеннің беделін мұқият тексеріңіз.
3. «OLX.KZ», «Market.kz», «Kolesa.kz», «Krisha.kz» мобильді қосымшалары арқылы тауарды, жылжымайтын мүлікті немесе автокөлікті сатқанда абай болыңыз, төлемді жеке кездесуде алған жөн немесе «бейне қоңырау» арқылы сатып алушының сенімділігіне көз жеткізіңіз.
4. Тауарларды, көліктерді сату, пәтерлерді жалға беру туралы хабарландыруда, ең алдымен, алдын ала төлем салу керектігі көрсетілсе немесе сатушымен тек «Вацап» арқылы байланыс болатыны көрсетілсе, абай болыңыз, ешқашан «Qiwі», «Yandex деньги» электронды төлем жүйелеріне алдын ала төлем жасамаңыз.
5. Түрлі «мессенджерлер» және әлеуметтік желілер арқылы сізге жіберілетін күмәнді сілтемелерге өтпеңіз, өйткені бұл вирустық файлдар мен қосымшалар болуы



мүмкін, сол арқылы қаскөйлерге мобильді банкингтегі қаражатыңызға қол жеткізуге мүмкіндік беріледі.

6. Банк картаныздың мәліметтерін әртүрлі сайттарға енгізбеніз, себебі бұл сіздің жеке ақпаратыңызды жинау үшін арнайы жасалған «фишингтік» сайттар болуы мүмкін. Ол кейінірек банк картаныздан рұқсат етілмеген төлемдер үшін пайдаланылады.

7. Интернетте ақшаңызды көбейтеміз деп уәде беретін күмәнді байқауларға қатыспаңыз, ірі көлемде ақшалай сыйлық туралы хабарларға сенбеңіз.

8. Ақшаны криптовалютаға, акцияларға, бағалы металдарға және т.б. инвестициялау арқылы үлкен дивидендтер уәде ететін күмәнді жобаларға салмаңыз, компанияның сенімділігіне көз жеткізіңіз. Интернеттегі шолулар мен пікірлерді оқыңыз, сізге әртүрлі елдердің жоқ абоненттік нөмірлерінен қоңырау соғуы мүмкін және өздерінің фирмасына инвестициялаудың артықшылықтары туралы сенімді түрде хабар беруі мүмкін (QuestaWorld, AssetWorldManagement және т.б.).

9. Егер Сізге банктің қауіпсіздік қызметінен қоңырау шалса, банк қызметкерлері Сізден ешқашан картаныз туралы ақпаратты сұрамайтынын, сондай-ақ, ұялы телефоныңызға келетін кодты айтуды талап етпейтінін есте сақтаңыз. Сондай-ақ, алаяқтар мобильді қосымшаларды абоненттік нөмірді өзгерту үшін, өздерінің пайдакүнемдік мақсаттары үшін, «банктің байланыс орталықтарынан» қоңырау шалу үшін пайдаланады. Мұндай жағдайларда телефон тұтқасын қойып, банк картасында немесе банктің сайтында көрсетілген сенімді нөмірге өзіңіз қоңырау шалуыңыз керек.



Алматы қаласы әкімдігінің 2021 жылғы 9 қарашадағы
№4/567 қаулысы

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде
2021 жылдың 9 қарашасында тіркелген, №25086

Алматы қаласының 2021 жылға арналған бюджет қаражатының көлемдері шегінде балаларға қосымша білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабына, «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 3-тармағының 7-4) тармақшасына және 62-бабының 6-2 тармағына сәйкес, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес, Алматы қаласының 2021 жылға арналған бюджет қаражатының көлемдері шегінде балаларға қосымша білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысы бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің орынбасары Е.Ж.Бабақұмаровқа жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Алматы қаласының әкімі

Б.САҒЫНТАЕВ.

Алматы қаласы әкімдігінің
2021 жылғы 9 қарашадағы
№4/567 қаулысына қосымша

Алматы қаласының 2021 жылға арналған бюджет қаражатының көлемдері шегінде балаларға қосымша білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысы

р/с	Қосымша білім беру бағыттарының түрлері	Білім алушылардың және (немесе) тәрбиеленушілердің саны	Айына бір білім алушыға және (немесе) тәрбиеленушіге жұмсалатын шығыстардың орташа құны, теңге
1	Туристтік-өлкетану	300	15 995
2	Экологиялық-биологиялық	400	15 995
3	Ғылыми-техникалық	900	15 995
4	Әлеуметтік-экономикалық	900	15 995
5	Көркем-эстетикалық	900	15 995
6	Дене шынықтыру-спорттық	900	15 995
7	Музыкалық-аспаптық (мамандандырылған)	600	36 518
	Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға		
8	Көркем-эстетикалық	25	69 362
9	Дене шынықтыру-спорттық	50	69 362
10	Музыкалық-аспаптық (мамандандырылған)	25	69 362
	Жиыны	5 000	-

ОҚЫРМАНҒА ҚҰЛАҚҚАҒЫС

Жазыл да, ұтып ал!

Құрметті оқырман!

2022 жылға баспасөзге жазылу жүріп жатыр. «Almaty aqshamy» газеті тұрақты оқырмандарымыз бен жаңа оқырмандарымызды редакцияның «Жазыл да, ұтып ал!» атты байқауына қатысуға шақырады. Көптеген бағалы сыйлықтар ойнатылады.

Байқауға қалай қатысуға болады?

«Almaty aqshamy» газетіне 2022 жылға бір жылға жазылу керек.

2021 жылдың 25 желтоқсанына дейін газетке жазылғаны жөніндегі түбіртектің көшірмесін «Жазыл да, ұтып ал!» деген белгісі бар конвертке салып, редакцияға жолдаңыз. **Редакцияның мекенжайы:** ҚР, 050022, Алматы қаласы, Шевченко көшесі, 106 А (Масаншы көшесінің қиылысы), №21 бөлме, тел.: 8 (727) 232-36-51, 232-36-56, 232-36-61 немесе сканерленген жазылу түбіртегін (тақырып – «Жазыл да, ұтып ал!») alatayaqparat@mail.ru электронды адресіне жіберу керек.

Назар аударыңыз! Өзіңіздің толық аты-жөніңізді және мекен-жай мен байланыс телефонның көрсетіңіз.

Қай жерде жазылуға болады?

«Казпочта» АҚ барлық бөлімшелерінде, «Агентство «Евразия пресс» ЖШС, «Эврика пресс» ЖШС және «Дауыс» ЖШС.

2022 жылға бір жылдық жазылу қанша тұрады?

Жекелеген оқырман үшін (жазылу индексі 65503) – 7206,00 теңге.

ҰОС ардагерлеріне, зейнеткерлерге, мүгедектігі бар тұлғалар мен көпбалалы аналарға (жазылу индексі 95503) – 5286,00 теңге.

Тек бір жылға толық жазылған оқырмандар ғана қатыса алады.

Сыйлықтар 2022 жылдың 24 ақпанында «Almaty aqshamy» газетінің редакциясында байқау комиссиясы мүшелерінің және тәуелсіз бақылаушының қатысуымен өтеді. Жеңімпаздардың есімі 2022 жылдың 3 наурызындағы газет санында жарияланады.

Сәттілік серік болсын, құрметті оқырман!

Анықтама телефондары:
8 (727) 232-36-51, 232-36-56, 232-36-61.

Әдептілік сақшылары

Мемлекеттік қызметшінің әріптестерінің арасында және қоғамда өзін-өзі ұстауы қалай бақыланады?

Мемлекеттік қызмет атқару – қоғам мен мемлекет тарапынан берілген ерекше сенім мен жауапкершілік. Сондықтан мемлекеттік қызметшілердің әріптестерінің арасындағы және қоғамдағы мінез-құлқына, моральдық-этикалық бейнесіне жоғары талап қойылады.

Қоғам мемлекеттік қызметшісі өзінің барлық күш-жігерін, білімі мен тәжірибесін атқаратын кәсіби қызметіне жұмсап, өзінің Отаны – Қазақстан Республикасы мен оның тұрғылықты азаматтарына адал да қалтқысыз қызмет етеді деп сенім білдіреді.

Мемлекеттік қызметшілер мемлекеттік қызметтің беделіне нұқсан келтірмей, пікірсайысты әдепті түрде жүргізуі қажет, қоғамдық ортада адал, әділ, әрі қарапайым болуға, жалпы қабылданған моральдық-этикалық нормаларды сақтауға, азаматтармен және әріптестерімен қарым-қатынаста сыпайылық пен әдептілік танытуы тиіс. Алайда, кейбір мемлекеттік қызметшілер өздерінің мемлекеттік қызметшісі екенін ұмытып, қоғам мен әріптестерінің ортасында жаман іс-әрекеттерімен, бұзақы, дөрекі сөздерімен танылып, олар жайлы видеолар ақпараттық желілерде тарап жатқаны жасырын емес.

Мұндай мемлекеттік қызметшілер кейін өздерінің іс-әрекеттерін YouTube немесе басқа да ақпарат желілерден көріп өкінетіндері де сөзсіз. Барлық мемлекеттік қызметшілерді жаңадан тәрбиелеу мен олардың бәріне ортақ әдептілік нормаларын сақтап жүруі мақсатында 2015 жылғы 29 желтоқсанда Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президентінің №153 Жарлығымен «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексі» бекітілген. Соған сәйкес, мемлекеттік қызметшілерге адамның ар-намысына тіл тигізуге, масаң күйде қоғамдық орында жүруге, айналасындағы адамдардың тәртібі мен қауіпсіздігіне қол сұғуға, сондай-ақ заңнаманы бұзуға жол берілмейді. Кез келген мемлекеттік қызметші жұмыста және жұмыстан тыс уақытында да өз іс-

әрекеттері мен мінез-құлықтарының көріністеріне жауапты болуы керек. Мемлекеттік қызметшілер мемлекеттік қызметтің беделіне әр уақытта әдеп қағидаларын сақтау арқылы септігін тигізе отырып, қоғамның мемлекеттік қызметке деген сенімін арттырады.

Бұл, Әдеп кодексі мемлекеттік қызметшілердің қызметте және күнделікті өмірде жүріс-тұрыстарының стандартын бекітті. Соның негізінде мемлекеттік органдарда этика бойынша арнайы қызметшілер жұмыс атқаратын Әдеп жөніндегі уәкіл енгізілген болатын. Әдеп жөніндегі уәкіл өзі жұмыс істейтін мемлекеттік органда мемлекеттік қызметшілердің әдеп нормаларын бұзу фактілері бойынша жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарайды. Одан бөлек, ол өз тарапынан қызметшілер арасында әдеп қағидаларын сақтау жөнінде түсіндірме жұмыстарын жүргізуі тиіс. Сондықтан аталмыш уәкілеттіліктің жеке мінез-құлық арқылы әділдіктің, әдептіліктің, бейтараптылықтың және парасатылықтың үлгісін түсіндіруі арқылы жұмыс орнында, қызметте маңызды рөл атқаратыны айқын.

Әрбір Әдеп жөніндегі уәкіл ұжымның тиімді өзара іс-қимылы үшін жағымды жағдайлар жасаудың маңыздылығын түсінуі қажет. Кез келген ұжымның табыстылығы мен татулығы, оң нәтижелі көрсеткіштер көрсетуі ондағы ахуал мен қызметкерлердің ортақ мақсатты қаншалықты терең түсінуіне байланысты.

Мақаламды көптеген мемлекеттік қызметшілер оқиды деген оймен, әріптестеріме айтарым, жұмыстан тыс уақытта рухани баюымыз қажет. Ол үшін мәдениет және демалыс орындарына жиі барып, мүмкіндігінше волонтерлықпен айналысып, қоршаған ортамызға көмек қолымызды созғанымыз абзалырақ болады.

Марат СӘРСЕНБАЕВ,
Алматы қаласы бойынша
Қазынашылық департаментінің
Шарттарды тіркеу басқармасы
басшысының м.а.

ҚАПЕРІҢІЗДЕ БОЛСЫН!

«Almaty aqshamy» газеті Нұр-Сұлтан мен Алматы қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

* *мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;*
* *бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;*
* *әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз*

«Almaty aqshamy» газетіне
ЖАРНАМА беріңіз де, ТАБЫСКЕР болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:

8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

* *құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;*
* *құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, БІЗГЕ хабарласыңыз!*

Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін

«Almaty aqshamy»
Жарнама бөліміне хабарласыңыздар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.



Бас директор –
Төлеміс КҮЛМҰХАМЕДОВ

Қабылдау бөлмесі:
232-36-61.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел.: 232-36-53

Бас редактордың
орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК

Жауапты хатшы –
Роза РАҚЫМҚЫЗЫ

Жаңалықтар мен ақпарат
бөлімінің редакторы –
Әсел ДАҒЖАН

Қала тынысы бөлімінің
редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және
тұрғын үй-коммуналдық
шаруашылық бөлімінің
редакторы –
**Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ**
тел.: 232-36-54.

WEB–редакция жетекшісі –
Дәурен ДҮЙСЕБАЕВ,
тел.: 232-36-64.

Коммерциялық директор –
Қуаныш ДЮСКАЛИЕВ,
тел.: 232-36-51.
e-mail: d_kuanys@mail.ru

Жарнама және тарату
бөлімінің менеджері –
Дана ӘЛМЕШ,
тел.: 232-36-56. e-mail:
dalemesh@vecher.kz

**Шығармашылық даму
жөніндегі кеңес**

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ



Республикаға тарайтын
қоғамдық-саяси қалалық
басылым.

Меншік иесі:
«Alatay Aqparat» ЖШС.
alatayaqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

**Газет сейсенбі, бейсенбі,
сенбі күндері шығады.**
**Апталық
таралымы – 15 663**

**Кезекші редактор –
Айжан БҮРКІТБАЕВА**

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген. Тіркеу туралы №КЗ80VPY00026040 куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де басылды. 050044, Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17. Тел.: 273-50-53. Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.



НЕ СЕБЕПТІ ВАКЦИНА САЛДЫРУ ҚАЖЕТ?



KAZINFORM

CORONA
VIRUS 2020/KZ

© «ҚазИнформ» қалыңдарлық ақпарат агенттігі, 2021 жыл

inform.kz

ҰЖЫМДЫҚ ИММУНИТЕТ



Ұжымдық иммунитетке қол жеткізу үшін еліміздегі вакциналаумен қамтылған ересек тұрғындар кемінде 60%-ды құрауы тиіс

Вакцинациядан кейін қалыптасқан иммунитет кемінде 1 жыл сақталады, ал коронавирустан жазылып шыққаннан кейін антиденелер орташа есеппен 6 ай сақталады

CORONA
VIRUS 2020/KZ
kazinform

● БҮГІН – ДҮНИЕЖҮЗІЛІК ШОПИНГ КҮНІ

Жанға жағымды іс



Сән қуған сылқым қыздар мен сері жігіттер, түрлі техника және гаджетті сүйетін қауым үшін бүгін ерекше мереке. Өйткені, 11 қарашада бүкіл әлемде Дүниежүзілік шопинг күні тойланады. Сарапшылардың айтуынша, дәл сол күні тұтынушылар 100 млрд. долларға дейін сауда жасайды екен.



Айкерім
РАЙЫСҚЫЗЫ

Бұл ерекше мереке Қытай елінен шыққан деседі. Алғашында ол «бойдақтар күні» ретінде тойланатын болған. «11.11.», яғни 11-ші айдың 11-і күні деп қатарынан төрт бірлік те бекер таңдалмаған. Сандардың адам өміріне тылсым әсері болатынына сеніммен қарайтын аспан асты елі, бұл күні бойдақтар өмірлік жұптарын кездестіреді деп сенген. Бойдақ жігіттердің екінші жартысы дүкенді көп ара-

лайтын қыз-келіншектер болғандықтан, «өз теңін сол жерден кездестірсін» деген ниетпен, дәл сол күні дүкендерде ер-азаматтар үшін киімге ерекше жеңілдіктер жүретін болған. Кейіннен бұл мейрам жан-жаққа танылып, жалпы шопинг мерекесіне айнала бастады.

Жалпы, шопинг жасау – жанға жағымды істердің бірі. Алайда, қателікті де көптеп жіберіп жатамыз. Сондықтан да сөрелерімізден керексіз, алғаннан кейін ұнамай қалған, ақшаны бекер жұмсаған заттар табылып қалады. Осы ретте мамандар сауда жасау кезінде ескеру керек қарапайым ережелерді ұсынады.

1. Алдымен, қарын тоқ болуы керек екен. Қарны аш адамның көзі тойымсыз келеді дейді. Сондықтан дүкен немесе базар аралауға жиналдығыз ба, тамақтанып алыңыз.

Дүкенге тек көтеріңкі көңіл күйде барған жөн. Шопинг көңіл күйді көтереді, бірақ қалтаңызды қағар. Сол себепті, көңіл күйіңіз болмай тұрса, сауда жасаудан уақытша бас тарта тұрған абзал.

2. Тізім жасап алыңыз. Керек заттардың тізімін үйден шықпай тұрып белгілеп алған дұрыс. Өйткені, дүкендерде, әсіресе супер-гипермаркеттерде тауардың көптігі сондай, сіз өзіңізге нені қажет екенін ұмытып та қалуыңыз мүмкін. Өзіңізге нақты керек затты жазып алсаңыз, бір жағынан ақшаға үнем болса, екінші жағынан дүкенде «не алу керек еді?» деп ойланп-толға-

нып, өз уақытыңызды босқа жоғалтпайсыз.

3. Төменгі сөреде тұрған заттарға назар аударып үйреніңіз. Адамдар көбінесе өзінің көзінің деңгейіндегі тауарларды сатып алады екен. Ал одан төмен сөреде тұрған заттар назардан тыс қалып жатады. Бірақ осы орайда сіз білмеген бір айла бар. Сіздің көзіңіздің деңгейінде орналасқан тауардың бағасы әдетте жоғары, ал төменгі сөреде орналасқандар сапасы жағынан қалыспайды, бірақ бағасы жағынан әлдеқайда төмен болады екен.

4. Бағаға алданып қалмаңыз. Баға сапа көрсеткіші емес. Кейбіреулер «қымбат тауар – ең сапалы» деп ойлайды. Алайда, қымбат брендті киім не техника жарты бағаны тек өзінің аты үшін ғана алады. Орта бағалы бренд тауарларының арасынан да қымбаттан еш

кем түспейтінін табуға болады. Сауда орындары мен дүкендерде арба емес, қолыңызға себет алыңыз. Сіз неғұрлым көп зат сатып алсаңыз – дүкенге соғұрлым пайда көбірек түседі. Ал арба сүйреткенге қолайлы болғанымен, оның сыйымдылығы мен ыңғайлылығы қалтаңызға қауіпті. Ал себет болса кішірек болғандықтан тез толады, алған заттарыңыз да көп болып көрінеді. Әрі оны өзіңіз көтеріп жүргесін ауырлаған сайын касса жаққа тезірек барғыңыз келіп тұрады екен.

Десе де, әдемі киіну, пайдалы тамақтану ақшаның аз-көптігіне байланысты емес дейді мамандар. Бұл ретте талғам мен көзқарас маңызды рөл атқарады екен. Қоғамда бай бола тұра талғамсыз өмір сүретін адамдардың болуы содан болса керек.

АПТАЛЫҚ ЖҰЛДЫЗ–ЖОРАМАЛ (11–18 қараша)

ТОҚТЫ

(21 наурыз – 20 сәуір)

Сіз көп нәрсеге қабілеттісіз. Жолда сіз жеңе алмайтын қиындықтар жоқтың қасы. Тапқырлығыңыз қарсыластарыңызды артта қалдыруға көмектеседі. Сіз мақсатқа жетудің бұрын ешкім ойламаған жолдарын табасыз, сол арқылы жетістікке жетесіз. Іскерлік қатынастарды нығайтуға, ықпалды адамдардың қолдауына жүгінуге мүмкіндік туады.

ТОРПАҚ

(21 сәуір – 21 мамыр)

Бұрын бастаған істеріңізді аяқтауға жақсы апта. Сіз басымдықты дұрыс қоясыз, неге назар аудару керектігін түсінесіз, сондықтан үлкен нәтижелерге қол жеткізесіз. Көптеген Тауешкілерге бұрын жинақталған тәжірибе тиімді болады. Басқалармен елеулі келіспеушіліктер болмайды. Бұрын сіз тек өзіңіз айтқан нәрсені жасаған адаммен де келісімге келу мүмкіндігі болады.

ЕГІЗДЕР

(22 мамыр – 21 маусым)

Аптаның басы табысты оқиғаға толы болмақ. Сіз өзіңіздің барлық нәрсеніңізді байыпты қабылдайсыз, бұрынғы қателіктерге жол бермеңіз. Жақындарыңыз сіздің бастамаларыңызды қолдауға дайын. Ұзақ достық ортақ істен басталуы мүмкін.

ШАЯН

(22 маусым – 22 шілде)

Басқалардың айтқанын мұқият тыңдаған жөн. Әрқашан біреулердің пікірлері мен кеңестері сізге ұнамайды, бірақ пайдалы ақпарат алуға, маңызды нәрсені білуге мүмкіндік бар. Маңызды мақсатқа жету үшін сізге жақын арада не істеу керектігі туралы ұсыныс түсуі мүмкін.

АРЫСТАН

(23 шілде – 23 тамыз)

Қарым-қатынас үшін қолайлы апта. Сіз көпшілікті қуанта аласыз, әдетте ешкімді ұнатпайтын адамдарға жақсы әсер қалдырасыз. Жаңа таныстықтар болуы мүмкін немесе романтикалық оқиғаны бастан кешіресіз. Осы аптада достарыңыз бен отбасыңыз үшін үй мерекелерін ұйымдастыруға белсене кіріссіз.

БИКЕШ

(24 тамыз – 22 қыркүйек)

Аптаның басталуы қуанышты жайттарға толы болады. Осы уақыт ішінде сіз бұрын мүлдем үмітсіз болып көрінген тапсырмаларды жеңе аласыз. Кейбір Бикештер басқаларды мазалаған сұрақтарға жауап табады. Сізге сәтті кездейсоқтықтар, жаңа мүмкіндіктер ашатын оқиғалар орын алмақ.

ТАРАЗЫ

(23 қыркүйек – 22 қазан)

Күз мезгілінің соңғы күндерінде шығармашылыққа бейім көптеген Таразылардың бойындағы таланттың жаңа қыры ашылады. Күнделікті күйбең тіршіліктің қамымен кетпей, жаныңызға жақын іспен айналысуды да ескере жүріңіз.

САРЫШАЯН

(23 қазан – 21 қараша)

Сіз мақсатыңызға жету үшін бар күшіңізді салуға дайынсыз. Бір орында отыра алмай, әрекет еткіңіз келеді, ал жағдай оған мүмкіндік бере қоймауы мүмкін. Бірақ аландамаңыз, бұл апта жарқын және есте қаларлық оқиғаларға толы болмақ. Ескі достарыңыз да, жаңа таныстарыңыз да қолдауға дайын бастаманы қолға алудан тартынбаңыз.

МЕРГЕН

(22 қараша – 21 желтоқсан)

Күннің басталуы өте қарбалас болса да, жағымды болады. Иә, сізде әдеттегіден гөрі көп істер мен уайымдар бар, бірақ сізде бәрі жақсы. Өмірден алған тәжірибе көмектеседі: сіз қателеспейсіз, қалай жақсы әрекет ету керектігін тез түсінесіз. Осы аптада сізді мазалаған сұрақтарға жауап табылады.

ТАУЕШКІ

(22 желтоқсан – 20 қаңтар)

Аптаның алғашқы жартысы келіспеушіліктер мен дауларсыз өтуі екіталай. Бірақ басқалар не десе де, сіздікі дұрыс екенін білесіз. Көп ұзамай шындық айналадағы барлық адамға айқын болады. Сондықтан ерекше толқудың қажеті жоқ, сәл күту жеткілікті.

СУҚҰЙҒЫШ

(21 қаңтар – 19 ақпан)

Апта соңында сізді көптеген кездесу, саяхат күтіп тұр. Ой-өрісіңізді, біліміңізді кеңейте түсуге, жұмысқа керек тәжірибе жинақтауға жаңа мүмкіндіктер туады. Мойныызға артылған жауапкершіліктен қашпаңыз, жемісті болады.

БАЛЫҚТАР

(20 ақпан – 20 наурыз)

Аптаның жауапкершілігі үлкен. Айналаңыздағы адамдар сіздің көптеген бастамаларыңызды ықыласпен қолдайды, көмек көрсетеді. Күтпеген сыйлықтар, сондай-ақ жоспарланбаған ақшалай түсімдер түсуі мүмкін.

Әзірлеген Ақтолқын ТҰРЛЫҒАЗЫ.